# G. V. PLEXANOV

# ÇEKE ADAMDARDЬŊ TARIXTAƢЬ ROLJ TURALЬ MƏSELE ÇONJNDE

QAZAQ
MEMLEKETTJK SAIASI ƏDEBIET BASPASЬ
ALMA-ATA — 1939

*Barlьq elderdjŋ proletarlarь, ejrjgjŋder!*

G. V. PLEXANOV

# ÇEKE ADAMDARDЬŊ TARIXTAĢЬ RƟLJ TURALЬ MƏSELE ÇƟNJNDE

QAZAQ MEMLEKETTJK SAIASI ƏDEBIET BASPASЬ
1939

# BASPADAN

G. V. Plexanovtьŋ «Çeke adamdardьŋ tarixtaqь rөlj turalь mәsele çөñjnde» degen eŋвegj alqacqь ret 1898 çьlь «Naucnoe oвozreniede» A. Kirsanov degen вyrkeme atpen qol qoiьlьp сьqtь. Keijnnen вūl eŋвek «Çiьrma çьlda» degen çinaqqa kjrdj; Plexanovtьŋ "сьqarmalar çinaqьnьŋ 1925 ç. вasьlqan VIII tomьna kjrgjzjldj.

Plexanovtьŋ marksizmdj negjzdeuge, qorqauqa çәne qoqamdьq damu çөnjndegj marksistjk teorianь propagandalauqa arnaqan вasqa eŋвekterjnjŋ jcjnde вūl eŋвegj kөrnektj orьndardьŋ вjrjn aladь.

Marksizmnjŋ çaularь, marksizm çeke adamdardьŋ qoqamdьq damudaqь rөlj men maŋьzьn çoqqa сьqaradь çәne tarixi qozqalьstь вolmai qoimaitьn, atsьz, uakjlsjz вjr nәrsege ainaldьradьmьs dep marksizmdj kjnalauqa kөpten-aq tьrьsьp keldj. Osь siaqtь өsektj 90-çьldarь marksizmnjŋ qasdūspanь — orьs qalqcьldarь da өzgece kyc salьp taratьp вaqtь.

Marksizmge taqqan вūl aram oilь өsektj әckereleude çәne çeke adamnьŋ tarixtaqь rөlj turasьndaqь marksizmnjŋ сьn kөzqarasьn aiqьndauda, Plexanovtьŋ «Çeke adamdardьŋ tarixtaqь rөlj turalь mәsele çөnjnde» degen eŋвegj ylken rөl atqardь.

Marksistjk әdeвiettjŋ jcjnde Plexanovtьŋ вūl сьqarmasь eŋ çaqsь eŋвekterdjŋ вjrj вolьp sanaladь. Вūl eŋвek tamaca tapqьctьq pen talanttь вeinelj tyrde çazьlqan; вūl eŋвektj, oqucь kәzjrde de өte syisjnjp oqidь çәne вūl, çeke adamdardьŋ qoqamdьq damudaqь rөlj turalь mәselege dūrьs tysjnude oqucьqa çәrdem вeredj.

Çeke adamdardьŋ tarixtaqь rөlj çөnjndegj marksizm kөzqarastarьn tamaca вaiandaumen qatar, вūl eŋвek qalqcьldar teoriasьnьŋ negjzjnjŋ вjrj вolqan — «erler» men «toвьrlar» teoriasьna sjleite soqqь вerdj; ol teoria вoiьnca, adam вalasьnьŋ tarixь вelgjlj, zaŋdь protses esевjnde da-

mьmal, «sьn kөzjmen qarap oilaitьn adamdardьŋ» retseptjsj. qialь воiьnсa, k e z d e i s o q ç o l d a r m e n çyrjp otьruqa tijstj çəne tarixtь tek «erler» qana çasaidь-mьs, al qalq вūqarasь «dərmensjz kyc», «товьг» воlьр qaladь; çəne ol («er») «tarixqa çoqarьdan təmen qaramai tūralmaidь, jstjŋ tetjgj ezjnde, erde ekenjn вjlmei tūralmaidь, al товьг tvorcestvolьq elementtjŋ qandaiьna вolsa da çat вūqara, tolьpçatqan nulder; вūl nulder qairьmdь, «sьn kөzjmen qarap oilaitьn» edinitsanьŋ meirjmj tysjp, olardь вastaqan kezde qana paidalь воlьр таввlatьn вjr nərse siaqtь» (P l e x a n o v, «Tarixqa monistjk kөzqarastьŋ damuь turalь məsele çөnjnde», VII-tom, 156-вet). Plexanov вūl kөzqarastardьŋ kyl-talqanьn сьqardь, sonьmen qatar qalqcьldardьŋ (keijnnen es-erlerdjŋ) вūl «teoriadan» сьqarqan saiasi qortьndьlarьn — вūqaralьq revolutsiacьl kyresten вas tartu, вūqaralьq revolutsiacьl partianь ūiьmdastьruqa qarsь вolatьn, çeke terror çasauьь uaqьzdau — talqandap qiratть.

Mūnьmen qatar Plexanoв вūl eŋвegjnde — qoqamdьq damudьŋ zaŋdьlьq sipatьna syienu arqьlь kapitalizmge qarsь kyres çyrgjzuden çūmьscьlardьŋ вas tartuьnьŋ qaçettjgjn «teorialьq çolmen» negjzdeuge, mjne səitjp tarixi damudan onьŋ negjzgj qozqauсь kycj — revolutsiacьl taptь çəne revolutsiacьl taptьŋ kөscmjn sьrt qaldьruqa tьrьsqan kapitalizmnjŋ naqьz apologetterjnjŋ dəlelderjn jske asьrqьsьz etjp əckereledj.

Marksizmdj вūrmalap çyrgen qalqcьldar, qoqamdьq damu zaŋdь protses вolatьn вolsa, onda, demek, «çeke adam ec nərse jstei almaidь» degen soraqь qortьndьnь marksizmge taŋuqa tьrьstь; kapitalizmdj aсьqtan-aсьq çaqtauсь apologetterj de osь qortьndьnь Marks qьlьmьnьŋ negjzj etjp kөrsetuge tьrьstь. Plexanov вūl soŋqь tьrьsucьlьqtьŋ da kyl-talqanьn сьqardь. Adam вalasьnьŋ tarixь zaŋdь protses воlьр таввladь, вjraq tarix adamdardan sьrt өzjnen өzj çasalьр çatpaidь, onь adamdar çasaidь; qozqalьs mjndetterjn adamdardьŋ өzderj ūsьnadь çəne ol mjndetterdj dəujrdjŋ tarixi çaqdailarьna səikestendjre otьrьр cecedj, mjne sondьqtan adamdardьŋ jsjnjŋ tarixta zor maŋьz almauь mymkjn emes. Kөrnektj adamdardьŋ tarixta atqaratьn ylken rөljn Plexanov tamaca etjp kөrsetedj çəne onь dəleldeidj. Plexanov вьlai deidj: вūl adamnьŋ ūlь воluьna seвeвj: «Onda çalpь çəne өzgece seвepterdjŋ ьqpal çasauьnan tuqan, өzjnjŋ zamanьndaqь qoqamdьq ūlь mūqtaçdar ycjn qьzmet etuge өte-məte вeijm etetjn өzgeceljk вar. Erler turasьndaqь өzjnjŋ вelgjlj

сьqarmasьnda Karleil вūl ūlь adamdardь b a s t a u c ь l a r (Beginners) dep ataidь. Bū1 ete orьndь at. Ūlь adam naq вastaucь воlьр tавьladь, eitkenj ol вasqalardan kerj t e r e-ŋ j r e k keredj çəne вasqalardan kerj k y c t j r e k tjleidj» (P l e x a n o v, «Çeke adamdardьŋ tarixtaqь rəlj turalь məsele çənjnde», VII tom, 304 — 305-вet).

Kernektj adamnьŋ kycj — опьŋ tappen, вūqaramen, qalq-pen вailanьsa вjlujnde, onьŋ kycj — вūqaranь ūlьmdastьra вjlujnde, tarixi qozqalьstьŋ вагьsьn aldьn ala kere вjlujnde. Вūlai вolmaqan kynde, çeke adamnьŋ rəlj — tykke tūrmai-tьn воlьр сьqadь. Вūqaranьŋ ūlь kycjn tarixtьŋ naqьz ça-saucьsь eseвjnde atap kersete otьrьp, Stalin çoldas вьlai dei-dj: «Tek qalq qana əlmeidj. Basqalardьŋ вəгj de — etkjncj. Sondьqtan qalqtьŋ senjmjn ardaqtai вjlu kerek».

Keijn, вūqaradan qol yzujnjŋ arqasьnda Plexanovtьŋ ezj saiasat çənjnen mygedektjkke ainalqanmen, onьŋ «Çeke adamdardьŋ tarixtaqь rəlj turalь məsele çənjnde» degen eŋ-вegjnjŋ ete ylken maŋьzь kəzjrgj kezge deijn çoqalqan çoq. Вūl eŋвek çeke adamdardьŋ tarixtaqь rəlj turalь marksistjk qьlьmdь, вjzdjŋ çastardьŋ dūгьs ūqьnuьna ylken kemek kersetedj çəne çeke adamdardьŋ tarixtaqь rəlj çe-njndegj qalqcьl-esercjl kezqarastardьŋ qaldьqtarьmen ky-resuge çərdemdesedj.

Lenin вьlai dep çazdь: «Onьŋ (Plexanovtьŋ — Red.) qara вasьnьŋ etkendegj jstegen qьzmetj ete zor. 20 çьldьŋ, 1883 — 1903, jcjnde ol вūqaraqa tamaca сьqarmalar, əsjre-se opportunisterge, maxisterge, qalqcьldarqa qarsь çazьlqan сьqarmalar вerdj» (L e n i n, XVII-tom, 415 — 416-вetter). Lenin ças kommunisterge Plexanovtьŋ filosofia çenjnde ça-zьlqan eŋвekterjn yirenudjŋ qaçet ekendjgjn kersettj, ol eŋвekterdj qaita вastьrьp сьqarudь çəne «kommunizmnjŋ mjndettj tyrdegj oqu kjtaptarьnьŋ seriasьna» (L e n i n, XXVI tom, 135-вet) kjrgjzudj talap ettj.

I

Çetpjsjncj çьldardьŋ ekjncj çartьsьnda marxūm Kaвlits: «Aqьl çəne sezjm progrestьŋ faktorlarь» degen maqala çaz-dь; вūl maqalasьnda ol Spenserge syiene otьrьp, adam вala-sьnьŋ jlgerj qarai çasaqan qimьlьnda вastь rel atqaratьn sezjm, al aqьl ekjncj dəreçedegj çəne sonan kelgennen myl-de вaqьnьсть rel atqaradь dep kersettj. Aqьldь artqь çaqqa qaldьrqan teoria çenjnde kelekelei taŋdanьр вjr «qadьrlь sotsiolog» Kaвlitske qarsь сьqtь. «Qadьrlь sotsiologtьŋ»

aqbldь qorqauь, ərine, dūrьs boldь. Bjraqta, eger Kaвlitstьц ketergen məselesjnjң negjzjne barmai-aq, onьң ol məselenj qozqauьnьң qancalьqtь mymkjn emestjgjn çəne orьnsьz ekendjgjn kersetse, «qadьrlь sotsiologtьң» aituь вūdan da kerj anaqūrlьm dūrьsьraq bolqan bolar edj. Cьndьqьnda da, «faktorlar» teoriasьnьң dəlelsjz ekendjgj ezjnen-ezj-aq kerjnjp tūr, eitkenj ol qoqamdьq tūrmьstьң tyrljce çaqtarьn ez вetjmen, qalai вolsa solai веljp alьp qaraidь, olardь ez aldьna tūratьn nərse dep sanaidь çəne olardь, qoqamdьq adamdь tyrljce çaqtan, tyrlj dəreçelerde progrestьң çolьmen çyrgjzjp otьratьn erekce kycke ainaldьradь. Kaвlitstьң вaiandaqan tyrjnde вūl teoria вūrьnqьsьnan da anaqūrlьm dəlelsjz, ol tjptj q o q a m d ь q a d a m n ь ң jsjnjң ia ol ia вūl çaqtarьn emes, çeke sanьnьң tyrlj taraularьn ezgece вjr sotsialogialьq ipostasqa ainaldьradь. Būl сьndьqьnda вarьp tūrqan aвstraksia; вūdan ərj ec qaida вaruqa вolmaidь, eitkenj вūdan ərj naqьz вarьp tūrqan maqanasьzdьqtьң kylkj dəurenj вastaladь. Mjne «qadьrlь sotsiologke» Kaвlits pen onьң oqucьlarьnьң nazarьn osьqan audaru kerek edj. Tarixta ystemdjk etucj «faktordь» taвuqa ūmtьlucьlьqtьң Kaвlitstь aвstraksianьң qai tūңqūiьqьna aparьp soqqanьn anьqtap alqansoң, «qadьrlь sotsiolog», mymkjn, aңdausьzda faktorlar teoriasьnьң ezjn sьnauqa вjr nərse jstegen вolar. Būl ol kezde вjzdjң вərjmjzge de ete paidalь вolqan вolar edj. Bjraq ol cьnūьqtьң çoqarqь satьsьna cьqa almadь. Onьң ezj de sol teorianьң вaqьtьnda вoldь; onьң Kaвlitsten aiьrmacьlьqь e k l e k t i z m g e вeijm вolqandьqь qana, osьnьң arqasьnda oqan вarlьq «faktorlar» вjrdei maңьzdь вolьp taвьladь. Onьң oiьnьң eklektikalьq qasietj, keijnnen onьң dialektikalьq materializmge çasaqan caвuьldarьnda ezgece aiqьn kerjndj; ol dialektikalьq materializmdj вasqa faktorlardьң вərjnde ekonomikalьq «faktorge» qūrвandьq etetjn, çəne çeke adamdardьң tarixtaqь reljn nulge teңeitjn qьlьm dep sanadь. Dialektikalьq materializmge «faktorlar» tūrqьsьnan qaraudьң çat nərse ekendjgj, вūl teoria k v i e t i z m deitjndj aqtaidь dep esepteu, logikalьq oilau ecвjr ikjmj çoq adamnьң qana qolьnan kele alatьndьqь «qadьrlь sotsiologtьң» miьna kjrjpte cьqqan çoq. Būl çerde вjr aңqaratьn nərse sol — «qadьrlь sotsiologtьң» вūl kemcjljgjnde tьңnan taвьlqan ecnərse çoq: mūnь tolьpçatqan вasqa adamdar da jstedj, jstep te otьr, mymkjn, taqьda ūzaq uaqьttar jster...

Materialisterdj çaratьlьs pen tarixqa çasaqan dialektikalьq kezqarastarь вolmai tūrqan kezde-aq, kvietizmge вeijm-

sjn, dep kjnaladь. «Ɵtken zamanƣa» çarmaspai-aq, Anglianьŋ вelgjlj oqьmьstь adamь Pristleimen Prais ekeujnjŋ talasьn eske tysjrsekte воladь. Pristleidjŋ oquьn teksere keljp, Prais — materializm erkjndjk turalь ūƣьmƣa qarsь çəne çeke adamnьŋ ɵz aldьna js jsteujnjŋ qandaiьn вolsa da çoqqa cьƣaradь dep dəleldedj. Būƣan çauap eseвjnde Pristlei kyndeljktj ɵmjr təçriвesjne syiendj. «Menj de вarlьq çəndjkterdjŋ jcjndegj naƣьz qozƣalmaitьn çəndjk dep atauƣa, ərine, вolmaitьn вolsa da (am not the most torpid and lifeless of all animals), men ɵzjm turalь aitpaimьn, вjraq menjŋ sjzden sūraitьnьm: naqьz maŋьzdь maqsattardь kɵzdeude qaçettjljk turalь ƣьlьmdь çaqtaucьlardьŋ oi çjgerjnen, вelsendjljgjnen, kycjnen çəne taвandьlьƣьnan artьq oi çjgerdj, вelsendjljktj, kyctj çəne taвandьlьqtь qaidan taвasьz?». Pristlei ol kezde christian necessarians* dep atalatьn demokratialьq djni sektanь aitьp otьr. Ol sektj, ɵzjnjŋ вjr adamь воlƣan Pristleidjŋ naq oilaƣanьndai jsker воldьma, çoqpa ol arasьn вjlmeimjz. Bjraq əŋgjme onda emes. Adamnьŋ erkj çɵnjndegj materialistjk kɵzqarastьŋ praktika çyzjndegj naƣьz çjgerlj jspen ɵte çaqsь keljse alatьnьna ecqandai kyman çoq. Lanson вьlai deidj: «adamnьŋ erkjne ylken talap qoiƣan doktrinderdjŋ вarlьƣь da prinsip çɵnjnde erjktjŋ əlsjzdjgjn rastadь; olar erkjndjktj çoqqa cьƣardь çəne dynienj fatalizmge вaƣьndьrdь».** Lansonnьŋ, erjktjŋ erkjndjgj degendj çoqqa cьƣarucьlьqtьŋ qandaiь вolsa da fatalizmge aparьp soƣadь, deuj dūrьs emes; вjraq вūl oƣan naƣьz вarьp tūrƣan qьzƣьlьqtь tarixi faktьnь kɵrsetujne kedergj воlƣan çoq: cьndьƣьnda da, tarix, praktika çyzjnde çjgerlj tyrde js jsteuge fatalizmnjŋ ərqacanda kedergj воlmaƣanь вьlai tūrsьn, qaita, kerjsjnce, вelgjlj dəujrlerde onьŋ m ū n d a i  j s  j s t e u g e  q a ç e t t j  p s i x o l o g i a l ь q  n e g j z  в o l ƣ a n ь n, kɵrsetedj. Sɵzjmjzdj dəleldeu ycjn, XVII ƣasьrdaƣь Anglianьŋ вasqa partialarьnьŋ вərjnende çjgerljljgj вasьm воlƣan puritandь, çəne Indiadan Ispaniaƣa deijn, çer carьnьŋ ylken polosasьn ɵzjne qaratьp, вaƣьndьrьp alƣan Mūxamвettjŋ çaqtaucьlarьn eske aluьmьzƣa воladь. Belgjlj uaqiƣalardьŋ qatarьnьŋ sɵzsjz воlatьndьƣьna kɵz çetkjzsek qana воlƣanь

---

* Materializm men djni dogmatiktj вūlai etjp ūctastьru XVII ƣasьrdaƣь fransuzdь mьqtap-aq taŋdandьrƣan воlar edj. Bjraq вūl Angliada eckjmge de sɵket kɵrjngen çoq. Pristleidьŋ ɵzj ɵte djncjl adam воldь.

** Lansonnьŋ «Fransuz ədeвietjnjŋ tarixь» degen cьƣarmasьnьŋ orьsca audarmasьn qara, I tom, 511-вet.

oqan çərdem etudjŋ ne qarsьlьq kөrsetudjŋ psixologialьq mymkjndjgjnjŋ qandaь bolsa da bjzden çoiьlьp ketedj, dep oilaucьlar ylken qatelesedj.*

Menjŋ өz jsjm qaçettj uaqiqalardьŋ tjzbekterjnjŋ qaçettj bjr bиьnь bolьp tabьlama çoq pa, bŭl çerde əŋgjmenjŋ bərj osьqan bailanьstь. Eger tabьlatьn bolsa, onda menjŋ aиьtqиьm solqūrьm az boladь, onda men solqūrьm batьl kjrjsemjn. Mūnda taŋdanarlьqtaь ecnərse de çoq: mьna adam өzjnjŋ jsjn qaçettj uaqiqalardьŋ tjzbekterjnjŋ qaçettj bjr bиьnь dep sanaidь degenjmjzde, bŭl, aitqandai, erjktjŋ erkjn bolmauь ol adam ycjn *dərmensjzdjkke* myldem *qabletsjz* bolqanmen bjrdei çəne bŭl, erjktjŋ erkjn bolmauь, ol adamnьŋ sanasьnda *өzjnjŋ jstegenjnen basqaca jsteuge mymkjn bolmaitьn siaqtь* bolьp kөrjnedj, degen sөz. Bŭl Luterdjŋ: «Hier stehe ich, ich kann nicht anders» degen ataqtь sөzderj men aituqa bolatьn naq psixologialьq peijl çəne osь peijldjŋ arqasьnda adamdar naqьz taiьnbastьq batьl çjger saladь, tamaca zor jster jsteidj. Bŭl peijl Gamletke belgjsjz boldь: mjne sondьqtanda onьŋ qolьnan tek kyijnjp uaiьmdau men basь auqan çaqqa ketu qana keldj. Mjne sondьqtan Gamlet, erkjndjk degenjmjz sanaqa kөcken qaçettjljk degen filosofiaqa ec qacanda da ьrza bolmas edj. «*Adamnьŋ өzj qandai bolsa, onьŋ filosofiasь da sondai*» dep Fixte orьndь aittь.

II

Batьstьq — evropalьqtaqь əleumettjk — saiasi qьlьmdardьŋ bjrjne tən siaqtь bolqan cecjlmestjktei qaicьlьq turaь Ctammlerdjŋ çasaqan eskertujne bjzde osь kynj bjrsьpьra adamdar edəujr mən berjp çyr. Bjzdjŋ aitьp otьrqanьmьz aidьŋ tūtьluь çөnjndegj belgjlj misal. Cьndьqьnda bŭl na-

* Kalvinnьŋ oquь boiьnca adamnьŋ jsteitjn jsjnjŋ bərj de qūdaidьŋ çazьp qoiqanь, deitjnj belgjlj. Praedestinationem vocamur aeternum Dei decretum, quo apud se constitutum habuit, quid de unoquoque homine fieri vatel (Institutio, lib 111, cap. 5). Bŭl oqu boiьnca, orьnsьz ezjlgen qalqtardь azat etu ycjn qūdai өzjnjŋ qьzmetkerlerjnjŋ bjr sьpьralarьn taqaiьndaidь. Izraiьl qalqьn azat etken Moisei osьndai taqaiьndalqan adam. Өzjnjŋ aitusьna qaraqanda, Kromveldj de qūdai osьndai qūralьnьŋ bjrj dep sanaqan; ol ər qacanda da, mymkjn, cьn senjmjmen, өzjnjŋ jsjn qūdaidьŋ erkjmen bolьp otьrqan nərse dep atadь. Bŭl jsterjnjŋ bərj de oqan *aldьn ala qaçettjktjŋ gylj men bezendjrjljp qoiьlqan* boldь. Bŭl onьŋ çeŋjsten çeŋjske ūmtьluьna kedergj bolmaqanь bьlai tūrsьn, qaita onьŋ bŭl ūmtьluьna taiьnbastьq batьl kyc berdj.

qьz вагьр turqan soraqь misal. Aidьŋ tūtьluьna qaçetlj во latьn carttardьŋ jcjne adamnьŋ jsj ecqandai rette de kjrmeidj çəne kjrede almaidь, al aidьŋ tūtьluьna kөmek kөrsetetjn partia qūrьlsa, tek çьndьlardь вaqatьn yide qana qūrьluqa mymkjn ekendjgj mjne osьnьŋ өzjnen aq kөrjnjp tūr. Al eger adamnьŋ jsj, atalqan carttardьŋ jcjne kjretjn bolsada, aidьŋ tūtьlqanьn kөrgjsj kelgenmen, вūlardьŋ kөmegjsjz-aq aidьŋ sөzsjz tūtьlatьnьna kөzj çetken adamdardьŋ вjreujde aidьŋ tūtьluь çөnjndegj partiaqa kjrmegen вolar edj. Būl rette olardьŋ «kvietizmj» a r t ь q, i a q n i p a i d a s ь z, j s t e n вastartqandьq qana вolar edj çəne naqьz kvietizmmen ecqandai qosьlcaŋь вolmaqan вolar edj. Çoqarqь kөrsetjlgen partia çөnjndegj əŋgjme etjp otьrqan, aidьŋ tūtьluь çaiьndaqь misaldь, maqanasьz etjp qaldьrьp qoimau ycjn onь mylde өzgertu kerek вolar edj. Ol çөnjnde вьlai dep qialdanu kerek вolar edj: aidьŋ sanasь вar eken, onьŋ tūtьluьna seвep вolatьn əuedegj çaqdaiь, oqan өzjnjŋ erkjn өzj вilegenjnjŋ nətiçesj siaqtь eken çəne вūl çaqdai oqan ylken raxat tuqьzьp qana qoimaidь, sonьmen qatar onьŋ morəldьq çөnjnen uaiьmsьz, tьnьc вoluь ycjn sөzsjz kerek nərse, sondьqtan ol osь çaqdaiqa çetu ycjn ər qacanda da qūmarlana ūmtьladь eken deljk.* Osьlai etjp qialdanьp вolqansьn, өzjŋe, mьnadai sūraq qoiu kerek вolar edj: eger ai, aqьrьnda, өzjnjŋ əuedegj qozqalьsьn cьndьqьnda erkj men «idealdarьnьŋ» вelgjlemeitjnjn, qaita, kerjsjnce — erkj men «idealdarьn» өzjnjŋ qozqalьsь вelgjleitjndjgjn вjlse, ol ne jstegen вolar edj? Ctammlerdjŋ oiьnca: eger ai qiьncьlьqtan qandaida вolsa вjr logikalьq qaicьlьq arqьь cьqpasa, anadai dep вjlu, onь qozqaluqa sөzsjz çaramsьz eter edj, deidj. Bjraq mūndai çoвalau mylde, ecnərsege de negjzdelmegen çoвalau qoi. Būlai dep вjlu aidьŋ çaman oiьnьŋ, morəlj men өzjnjŋ arasьndaqь cataqtьŋ.«idealdarь» men өzjnen өzj воlьp tūratьn cьndьqtьŋ arqasьndaqь qaicьlьqtьŋ f o r m a l d ь q negjzderjnjŋ вjrj воlьp taвьlqan вolar edj. Bjraq вjz «aidьŋ psixologialьq kyilerjnjŋ» ç a l p ь a l q a n d a в a r l ь q ь d a, aqьr aiaqьnda, өzjnjŋ qozqalьsьna вailanьstь dep sanaqansьn, onьŋ morəldьq catastarьnьŋ seвepterjn de qozqalьstan jzdeu kerek вolar edj. Jske zer salьp qaraqan kynde, вьlai воlьp cьqar: ai eŋ çoqarqь ūiasьna вarqan kezde,

* «C, cst comme si I, aiguille ainamta ēe prenait plaisir de se tourner vers le nord car elle croirait tourner indépendamment de qauelque autre cause ne, S'apercevant pas des mouvements insensibles de la matiere magnetique» Leibnitz, Théodicbe, Lousansc, MDCCLX. p. 598

mymkjn, ol ɵzjnjꞑ erkjnjꞑ erkjn ʙolmaƣanь turalь qaiƣьratьn ʙolar, al eꞑ tɵmengj ūiasьna kelgen kezde, erkjnjꞑ erkjn ʙolmauь onьꞑ morəldьq quanьсьnьꞑ, morəldьq çɵnjnen kɵꞑjldenujne çaꞑa formaldьq seʙep ʙolar. Mymkjn kerjsjnce ʙolьp сьƣar: mymkjn, ai tɵmengj ūiasьnda emes, çoƣarƣь ūiasьnda-aq erkjndjktj qaçettjljkpen keljstjretjn amal taʙar. Qalai ʙolƣan kynde de mūndai keljsucjljktjꞑ ʙolьna tolьq mymkjndjktjꞑ ʙarlьƣь dausьz; qaçettjljktj ʙjlu praktika çyzjnde naƣьz çjgerlj tyrde js jsteumen tamaca sai keledj. Əiteujr osь kezge deijn tarixta solai ʙolьp keldj. Erjktjꞑ erkjndjgjn terjske сьƣarьp çyrgen adamdar, kɵʙjnese ɵz erkjnjꞑ kycj çɵnjnde zamandas adamdardьꞑ ʙɵrjnen de asьp tystj, çəne erjkke neƣūrlьm ylken talaptar qoidь. Mūndai misaldar kɵp. Olar çūrttьꞑ ʙərjne de məljm. Ol misaldardь Ctammler qūsap ūmьtu tarixi сьndьqtь ʙolƣan qalpьnda, ədeij kɵrgjsj kelmegen adamdar ƣana ūmьtar. Mūndai kɵrgjsj kelmeucjljkter, misalь, ʙjzdjꞑ suʙiektivister men kei ʙjr nemjs filisterlerjnde kyctj. Bjraq filisterler men suʙiektivister adam emes, çai ƣana a r u a q qoi; Belinski osьlai degen ʙolar edj.

Alaida, adamnьꞑ ɵzjnjꞑ jsj — ɵtkendegj, kəzjrgj ne ʙolacaqtaƣь — ɵzjne qaçettjljktjꞑ gyljmen tegjs ʙezengen ʙolьp kɵrjnetjn çaƣdaidь alьp kɵreijk. Mūndai çaƣdaida adam — Mūxamʙet siaqtь qūdaidьꞑ uakjljmjn dei otьrьp, Napoleon siaqtь ec adamnьꞑ ʙoldьrmauƣa qolьnan kelmeitjn, daƣdьrdьꞑ taꞑdap qoiƣan adamьmьn dei otьrьp, ne XIX ƣasьrdьꞑ keiʙjr qoƣamdьq qairetkerlerj siaqtь tarixi qozƣalьstьꞑ eckjm çeꞑe almaitьn kycjnjꞑ çaqtaucьsьmьn dei otьrьp — ər uiezderden сьqqan Gamletterdjꞑ çəne gamletcjlderdjꞑ çolьna qūrƣan kedergjlerjnjꞑ ʙərjn, quraidan tjkken kyrkedei, talqandap, erjktjꞑ stixialьq derljk kycjn kɵrsetedj.* Bjraq ʙūl çaƣdai kəzjr ʙjzdj ʙasqa rette, atap aitqan-

* Būl kategoriadaƣь adamdardьꞑ qūdaiƣa mьqtap ʙerjlgendjgjn alƣьn kɵrsetetjn taƣь ʙjr misal keltjreijk. Ɵzjnjꞑ ūstazь Kalvinge çazƣan qatьnda Gertsogina Ferrarskaia, Renə (Liudovik XII-nьꞑ tūqьmьnan) ʙьlai deidj: «Sjzdjꞑ maƣan çazƣandarьꞑьzdь: David qūdaidьꞑ dūcpandarьn ɵlerdei çek kɵrdj, degenjꞑjzdj men ūmьtqan çoqpьn; men ɵzjmde ər qacanda osьlai jstegen ʙolar edjm, ɵitkenj eger men ɵkem koroldь, cecem korolevanь, marxūm gospodin erjmdj (feu monsieur mon mari) çəne ʙarlьq ʙalalarьmdь qūdaidьꞑ çaqtьrmaitьnьn ʙjlsem, men olardь ɵlerdei çek kɵrer edjm çəne olardьꞑ tamuqta cjrjgenjn tjler edjm» çəne ʙasqalar. Osьndai ʙerjlgen adamdar taꞑdandьrarlьq kyctj çjger kɵrsete aldь! Al ʙūlar erjktjꞑ erkjndjgjn terjske сьƣarƣan adamdar ƣoi.

da mьna rette qьɛьqtьrьp otьr. Menjŋ erkjmnjŋ erkjn emestjgjn вjlu, maqan jstep otьrqanьmnan вasqaca jsteuge tolьq suвiektivtjljk çəne oвiektivtjljk mymkjncjljktjŋ вolmauь retjnde qana вolьp taвьlsa çəne menjŋ sol jstep otьrqan jsjm, sonьmen qatar вarlьq jsteuge mymkjn вolqan jsterdjŋ jcjndegj maqan ūnaitьnь вolsa, вūl kezde qaçettjljk menjŋ sanamda erkjndjkpen teŋ вoladь, al erkjndjk qaçettjljkpen teŋ вoladь, mjne вūl kezde men tek e r k j n d j k t j ŋ q a ç e t t j l j k p e n t e ŋ d j g j n в ū z a l m a i t ь n вolu maqnasьnda qana erkjn emespjn; o l a r d ь в j r в j r j n e q a r s ь q o i a l m a i m ь n; q a ç e t t j l j k t j ŋ q ь s ь m ь n s e z e a l m a i m ь n. B j r a q e r k j n d j k t j ŋ в ū l s i a q t ь ç o q в o l u ь, s o n ь m e n q a t a r o n ь ŋ t o l ь q ç y z e g e a s u ь в o l ь p t a в ь l a d ь.

Zimmel вьlai deidj: erkjndjk degenjmjz qandai nərseden вolsa da erkjn вolu degen səz çəne erkjndjk qandai nərsege вolsada вailanьstь вoludьŋ qarama qarsьsь dep tysjnjlmegen çerde, erkjndjkte ecqandai maqana вolmaidь. Būl, ərine, solai. Bjraq вūl çūrtqa məljm kjckentai qana aqiqattьqqa syienjp, qai kezdegj вolsьn filosofialьq oidьŋ taвьstarьnьŋ jcjndegj eŋ danalьq taвьsь вolqan — erkjndjk degenjmjz tanьlqan qaçettjljk — degen ereçenj terjske сьqaruqa вolmaidь. Zimmeldjŋ вaiьmdauь tьm qьsqa: ol tek sьrtqь qьsьmnan erkjn вolucьlьqqa qana çatadь. Əŋgjme ol siaqtь qьsьmdar çonjnde вolьp tūrsa erkjndjktj qaçettjljkpen teŋdestjru вarьp tūrqan kylkj вolar edj: eger sjz qaltaŋьzdan ter oramalьŋьzdь ūrlap aluqa ūrьqa qarsьlьq kərsetseŋjz. qandai çolmen вolsa da sjzdjŋ qarsьlьqьŋьzdь çeŋвeijnce, ūrь erkjn вolalmaidь. Bjraq erkjndjk turalь mūndai elementarlьq çəne ystjrt ūqьmnan вasqa, əte tereŋ ūqьm da вar. Būl ūqьm filosofialьq oilauqa camasь kelmeitjn adamdardьŋ qolьna mylde tyspeidj, al mūndai oilauqa camasь keletjn adamdar ol ūqьmdь, tek dualizmnen arьlqan kezde qana çəne suвiektj men oвiektjnjŋ arasьnda, dualister çoвalaqandai, ətpes tūŋqūiьqtьŋ mylde çoq ekenjn tysjngen kezde qana, qolьna tysjre aladь.

Orьs suвiektivisj əzjnjŋ utopistjk idealdarьn eljmjzde вar вolьp tūrqan kapitalizmge qarama qarsь qoiadь çəne вūl siaqtь qarama qarsь qoiudan ərj вarmaidь. Suвiektivister d u a l i z m n j ŋ вatвaqьna вelcesjnen вattь. Kapitalizmnjŋ çyzege asuьna suвiektivisterdjŋ idealdarьnьŋ, вar вolьp tūrqan kapitalizmge ūqsas вoluьnan kəre, orьs «cekjrtterj» dəltjnderdjŋ idealdarьnьŋ ūqsas вoluь əlde qaida alьs.

Alaida, būƣan qaramastan «cekjrtter» idealdь cьndьqpen qosatьn kɵpjr taвa aldь. «Cekjrtter» *monizmge* deijn çoƣarьlap ɵstj. Olardьꞑ oiьnca: kapitalizm ɵzjnjꞑ damuьnьꞑ вarьsь arqьь ɵzjn ɵzj çoqqa cьƣaruƣa çəne olardьꞑ — orьs, tek qana orьstьꞑ emes, «cekjrtterjnjꞑ» — idealdarьn çyzege asьruƣa əkeljp soƣadь. Būl tarixi *qaçettjljk*. «*Cekjrt*» *osь qaçettjljktjꞑ qūraldarьnьꞑ вjrj вolьp taвьladь* çəne ɵzjnjꞑ qoƣamdьq ornь вoiьnca da, osь orьnƣa вailanьstь cьqqan ɵzjnjꞑ aqьl çəne morəldьq sipatь вoiьnca da ol *qūraldardьꞑ вjrj вolmai tūra almaidь*. Būl da qaçettjljktjꞑ вjr çaƣь. «Cekjrttjꞑ» qoƣamdьq ornь вasqa emes, sol sipattь tuƣьzƣan soꞑ, onьꞑ qaçettjljktjꞑ qūralь вoluь, qūralь вolmai tūralmauь вьlai tūrsьn, sonьmen qatar ol *qūralь вoludь qūmarlana tjleidj çəne tjlemei tūra almaidь*. Būl — *erkjndjktjꞑ вjr çaƣь*, sonan kelgennen qaçettjljkten ɵsjp cьqqan erkjndjktjꞑ вjr çaƣь, iaƣni, dūrьsьraq aitqanda, — вūl qaçettjljkpen teꞑdesken erkjndjk, — вūl erkjndjkke ainalƣan qaçettjljk.* *Mūndai* erkjndjk te вjrsьpьra qьsьmnan erkjn вolucьlьq вolьp taвьladь; вūl da вasqa nərsege вjrsьpьra вailanьstь вoludьꞑ qarama qarsьsь: tereꞑnen вergen вaiьmdaular, ystjrt вergen вaiьmdaulardь çoqqa cьƣarmaidь, qaita, olardь tolьqtьra otьrьp, ɵzjnjꞑ jcjne kjrgjzedj. Bjraq вūl rette qandai qьsьm kɵrsetucjljk turalь, qandai вailanьstь вolucьlьq turalь əꞑgjme вoluь mymkjn? Ne turalь əꞑgjme вolatьnь aiƣьn: dualizmnen qūtьla almaƣan idealdardьꞑ çjgerjne kedergj вolatьn morəldьq qьsьm turalь, idealdardь *cьndьqtan airьp* tūrƣan ɵtpes tūꞑƣuiьqqa kɵpjr sala вjlmeitjn adamdardьꞑ zəвjr kɵretjn вailanьstьlьƣь turalь əꞑgjme вoluь mymkjn. Çeke adam filosofialьq oidь erljk salьp kyceitu arqьlь *вūl* erkjndjktj ɵzjne qaratьp almaiьnca, ol adam əlj ɵzjne ɵzj tolьq kele almaidь çəne ɵzjnjꞑ morəldьq zəвjrlenujmen erkjndjkke qarama qarsь tūrƣan sьrtqь qaçettjljkke masqaralanьp aiьp tɵleidj. Bjraq onьꞑ esesjne, ol adam вūl zəвjrlj çəne ūiattь qьsьmƣa qūl вolucьlьqtь talqandasa-aq, çaꞑa, tolьq, sol kezge deijn ɵzjne вelgjsjz вolƣan ɵmjr ycjn tuadь, çəne onьꞑ erkjn jsj — qaçettjljktjꞑ *sanalь* çə-

* «Die Notwendigkeit wird nicht dadurch zur Freiheit, dass sie verschwisdet, sondern dass nur ihre noch innere Identität manifestirt wird». Hegel, wissenschaft der Logik. Nürnberg. 1816. Gegel, Logika ƣьlьmь, 1816, 11-вɵljm, 281-вet.

ne e r k j n kernjsj вolьp taвьladь.* Būl kezde ol adam ūlь qoqamdьq kyc вoladь, вūl kezde endj oqan ecnərse kedergj. вola almaidь çəne ecnərse kedergj вolmaidь.

Aram oilь zūlьmqa
Çai вop tysed çasьlca...

III

Taqьda: sol qūвьlьstьŋ sezsjz qaçet ekenjn вjlu ol qūвьlьsqa tjlektes çəne ezjn ol qūвьlьstь tuqьzucь kycterdjŋ вjrjmjn dep sanaqan adamnьŋ çjgerjn kyceitedj. Eger mūndai adam ol qūвьlьstьŋ qaçet ekenjn вjle tūrьp, qolьn qusьrьp qarap otьrsa, ol mūnьsьmen arifmetikanь çaman вjletjndjgjn kerseter edj. Cьndьqьnda da, aitaiьq, eger вelgjlj carttardьŋ summasь daiar вolsa A qūвьlьsь sezsjz çyzege asadь deljk. Sjz maqan вūl summanьŋ вjrsьрьrasь daiar dedjŋjz, al вjrsьрьrasь T uaqьtta вoladь dedjŋjz. Būqan senjp, men, — A qūвьlьsьna tjlektes adam — «Qandai çaqsь вoldь» dep syisjnemjn, seitemjnde sjzdjŋ aldьn ala aitqan uaqiqaŋьz вolatьn quanьctь kynge deijn çatьp ūiqtauqa kjrjsemjn. Mūnan ne cьqadь? Mūnan cьqatьn sol. Sjzdjŋ eseвjŋjz вolьnca: A qūвьlьsь çyzege asuqa qaçettj вolqan summanьŋ jcjne, m e n j ŋ  j s t e i t j n  j s j m  d e kjredj, aitaiьq вūl a qa teŋ eken. Men ūiqь men ainalьsьр qalqansьn, sol qūвьlьstьŋ çyzege asuьna qaçettj вolqan carttardьn summasь T momentjnde endj S вolmaidь, S — a вoladь qoi, вūl jstjŋ kyijn ezgertedj. Mymkjn, menjŋ ornьma вasqa adam keler, вūl da qimьl çasamauqa çuьq adam вolar, вjraq menjŋ, oqan soncalьqtь soraqь вolьр kerjngen, nem qūraidь qarauьmnьŋ misalь oqan çaqsь əser eter. Būl rette, A kyctjŋ ornьn B kycj aladь, al eger a kycj в (a-в) qa teŋ вolsa, onda A kycj вoluьna kerektj вolqan carttardьŋ summasь S qa teŋ вoladь, seitjp, qalai degenmen A qūвьlьsь ol T momentjnde çyzege asadь.

Bjraq eger menjŋ kycjmdj nulge teŋeuge вolmaitьn вolsa, eger men ceвer çəne qaвlettj qьzmetker вolsam, eger men ornьmnan auspasam, menjŋ ornьma eckjm otьrmasa, onda вjzde endj S summasь tolьq вolmaidь, seitjp A qūвьlьsь вjzdjŋ camalaqan uaqьtьmьzdan kec çyzege asadь, nemese çyzege assada вjzdjŋ kytkenjmjzdei tolьq вolmaidь,

* Sol qart Gegel вasqa вjr çerde вьlai dep tamaca aitadь: «Die Freiheit ist dies, Nichts zu wollen als sich» werke V, 12

nemese tjptj mylde çyzege aspaidь. Bûl kyndei aiqьn, tysjnjktj nərse, al eger men вûqan tysjnвesem, eger men S summasь, menjŋ ornьma вasqa adam вolqannьŋ soŋьnan da S воlьp qaladь desem, вûl menjŋ san вjlmegendjgjmnen qana aitьladь. Ia, san вjlmeitjn çalqьz men qana ekenmjn? Sjz, S summasь T momentjnde səzsjz daiar воladь, dep aldьn ala aitqanьŋьzda, menjŋ sjzвen səilesjp вolqan воida-aq ûiqьqa kjrjsetjnjmdj вjle almadьŋьz; sjz menj aqьr aiaqьna deijn çaqsь qьzmetker воlьp qalatьn adam dep sendjŋjz; sjz senjmj az kyctj, senjmj kəp kyc dep tysjnjp qaldьŋьz. Demek, sjz de çaman eseptedjŋjz. Bjraq sjz ecqandaida qatelespegen ekensjz, sjz вərjnde esepke alqan ekensjz deljk. Onda sjzdjŋ eseвjŋjzdjŋ tyrj mьnadai воladь: sjz T momentjnde S summasь daiar воladь, deisjz. Carttardьŋ вûl summasьna, t e r j s ə s e r e t u c j retjnde menjŋ ornьma вasqa adamnьŋ воluь kjredj; вûqan ç a q s ь ə s e r e t u c j retjnde, jsjne вerjk adamdardьŋ, əzderjnjŋ aldьna qoiqan talaptarь men ideialdarьn oвiektivtjk qaçettjljktjŋ suвiektivtjk kərnjsj ekendjgjne senjm tuqьzatьn sauьqtьrqьc jste kjredj. Bûl rette, S summasь cьndьqьnda da вelgjlengen uaqьtta daiar воladь, səitjp A qûвьlьsь çyzege asadь. Bûl tysjnjktj siaqtь. Al eger tysjnjktj воlsa, A qûвьlьsьnьŋ səzsjz воlatьndьqь turalь oidьŋ menj seskendjrujnjŋ mənjsj qalai? Maqan ol oidьŋ mənj qimьl çasamaitьn adam etetjn siaqtь воlьp kərjngenj nesj? Ol turalь oilai otьrьp, arifmetikanьŋ naqьz çaвalь ereçelerjn menjŋ ûmьtьp qaluьmnьŋ seвeвj ne? Mymkjn, onьŋ seвeвj: tərвiamnьŋ nacarlьqьnan mende çalqaulьqqa kyctj ûmtьlucьlьq воlar çəne menjŋ sjzвen çasaqan əŋgjmem, вûl maqtanuqa tûrarlьq ûmtьludьŋ staqanьn toltьrqan kəp səzderdjŋ вjr tamcьsь воlar. Mjne воlqanь tek osь qana. B û l a r a d a q a ç e t t j l j k t j t a n u t e k o s ь m a q a n a d a q a n a, — m e n j ŋ m o r ə l d ь q d ə r m e n s j z d j g j m d j ç ə n e ç a r a m s ь z d ь q ь m d ь k ə r s e t u g e s e в e p в o l u m a q a n a s ь n d a q a n a, k ə r j n d j. Al вûl dərmensjzdjktjŋ s e в e в j qaçettjljktj tanu dep sanauqa ec mymkjn emes: seвep onda emes, menjŋ tərвialanuьmnьŋ çaqdailarьnda. Demek ...demek, — arifmetika degen asa qadьrlь çəne paidalь qьlьm, onьŋ ereçesjn tjptj gospodin filosoftardьŋ da, tjptj əsjrese gospodin filosoftardьŋ da ûmьtpauь tijs.

Al sol qûвьlьstьŋ qaçettj ekenjn вjlu, onьŋ воluьna

tjlektes emes, qarsь tūratьn kyctj adamqa qandai əser etedj? Mūnda jstjŋ mənj вjrsьpьra өzgeredj. Onь вjlu onьŋ qarsьlьq kөrsetu çөnjndegj çjgerjn əlsjreter, вūl өte mymkjn nərse. Bjraq ol qūвьlьstьŋ dūcpandarь onьŋ sөzsjz вolatьndьqьna kөzj çetse? ol qūвьlьsqa qolailь çaqdailar өte kөвeise çəne өte kyceise. Onьŋ dūcpandarьnьŋ ol qūвьlьstьŋ sөzsjz вolatьnьn вjluj çəne olardьŋ çjgerlerjnjŋ əlsjreuj, oqan qolailь çaqdailardьŋ kycjnjŋ çarьqqa сьqиь qana вolьp taвьladь. Mūndai çarьqqa сьqиcьlьqtar, өz kezegjnde, osь qolailь вolatьn çaqdailardьŋ sanьna kjredj.

Bjraq qarsьlьq kөrsetu çjgerj onьŋ dūcpandarьnьŋ вarlьqьnda da azaimaidь qoi; ol qūвьlьstьŋ sөzsjz вolatьndьqьn вjludjŋ arqasьnda вjrsьpьra dūcpandarьnьŋ qarsьlьq kөrsetuj kyceie tysedj, qarsьlьq kөrsetu çjgerj çantalasu çjgerjne ainaladь. Çalpь tarixta, onьŋ jcjnde Resei tarixьnda вūl siaqtь çjgerdjŋ kөrnektj misaldarь az emes. Mūndai misaldardь oqucь вjzdjŋ çərdemjmjzsjz-aq esjne tysjre aladь dep senemjz.

Būl arada gospodin Kareev вjzdjŋ sөzjmjzdj вөledj; ol erkjndjk çəne qacettjljk çөnjndegj вjzdjŋ kөzqarastarьmьzqa ərine, qosьlmaidь, çəne onьŋ ystjne kyctj adamdardьŋ «asqan erljgjne» çasaqan вjzdjŋ qūmartuьmьzdь maqūldamaidь, вjraq, dei tūrqanmen çeke adam ylken qoqamdьq kyc вola aladь degen pjkjrdj вjzdjŋ çurnalьmьzqa çazqan maqalasьnda qūcaqьn çaiьp qarsь aladь. Qūrmettj professor: «Men ərqacanda da osьnь aitьp edjm» dep quana kөterjledj. Mūnьsь ras ta. Gospodin Kareev çəne вasqa suвiektivister ərqacanda da çeke adamdarqa tarixta asa maŋьzdь rөl вerjp otьrdь. Çəne olardьŋ mūnьsь, çalpьnьŋ paidasьna igjljktj eŋвek etuge ūmtьlqan, sondьqtan taвiqi tyrde, çeke initsiativterdj çoqarь вaqalauqa вeijm вolqan aldьŋqь qatardaqь çastardьŋ jcjnde olarqa ylken tjlektestjk tuqьzqan uaqьtьda вoldь. Bjraq suвiektivister çeke adamdardьŋ tarixtaqь rөlj turalь məselenj jstjŋ сьn mənjsjnde cece almaqanь вьlai tūrsьn, tjptj dūrьs qoia da almadь. Olar «sьn kөzjmen qarap oilaitьn çeke adamdardьŋ jsjn» qoqamdьq-tarixi qozqalьs zaŋdarьnьŋ ьqpalьna qarsь ūsьndь, mjne sөitjp faktorlar teoriasьnьŋ çaŋa вjr tyrjn çasaqandai вoldь; sьn kөzjmen qarap oilaitьn adamdar, atalqan qozqalьstьŋ вjr faktorь вolьp taвьldь, alekjncj faktorь — onьŋ өzjnjŋ zaŋdarь вoldь. Nətiçesjnde naqьz вarьp tūrqan keljspeuejljk

сьqtь; ʙuƣan tek jsker «adamdardьꞑ» nazarь әzjrge kyndeljktj praktikalьq jske audarьlьp otьrƣan kezde ƣana, sondьqtan olardьꞑ filosofialьq mәselelermen cūqьldanuƣa әzjrge uaqьtь ʙolmai otьrƣan kezde ƣana ьrza ʙoluƣa ʙoladь. Bjraq, seksenjncj çьldarda ʙolƣan tьnьctьq, oilana alatьn adamdarƣa filosofialьq mәselelermen cūqьldanuƣa erjksjz mymkjncjljk tuƣьzƣan uaqьttan ʙastap suʙiektivisterdjꞑ ƣьlьmь ʙasьnan aiaqьna deijn sөgjle ʙastadь çәne tjptj Akaki Akakievctjꞑ daꞑqtь cinelj siaqtь mylde ьdьrap, çьrtьla ʙastadь. Çamau-çasqaudьꞑ ecqaisьsь em ʙolmadь, naƣьz ʙarьp tūrƣan negjzsjz ƣьlьm eseʙjndegj suʙiektivizmnen aqьl iesj adamdar ʙjrjnen soꞑ ʙjrj ʙastarttь. Bjraq, suʙiektivizmge qarsь reaksia onьꞑ dūcpandarьnьꞑ ʙjrsьpьrasьn oƣan camadan tьs qarama qarsьlьqqa aparьp soqtь; ʙūl ondai rette әr qacanda da ʙolmaqсь-ƣoi. Eger keiʙjr suʙiektivister «çeke adamdarƣa» tarixtan ʙolƣanьnca ylken rөl ʙeru nietjmen adam ʙalasьnьꞑ tarixi qozƣalьsьn zaꞑdь protses dep sanaudan ʙastartsa, olardьꞑ çaꞑalьqtaqь dūcpandarьnьꞑ ʙjrsьpьrasь ol qozƣalьstьꞑ zaꞑdьlьq xarakterjn ʙolƣanьnca çoƣarь kөteru nietjmen *tarixtь adamdardьꞑ çasaitьnьn çәne sondьqtan çeke adamdardьꞑ jsjnjꞑ tarixta maꞑьzь ʙolmauƣa mymkjn emestjgjn* ūmьtuƣa daiar ʙolƣan siaqtь. Olar çeke adamdardь quantitė nėgligeable dep tanьdь. Teoria çaƣьnan alьp qaraƣanda, mūndai soraqьlьq çasau, ʙarьp tūrƣan suʙiektivisterdjꞑ çasaƣan soraqьlьqьndai, tap sondai negjzsjz. *Tezanь antitezaƣa* qūʙan etucjljk, *tezjge* ʙola *antitezanь* ūmьtu siaqtь, tap sondai negjzsjz. Dūrьs kөzqaras, olardaqь aqiqattьqtьꞑ momentterjn sintezge ʙjrjktjre alƣanьmьzda ƣana taʙьladь.*

IV

Būl mәsele aldaƣacannan-aq ʙjzdjꞑ kөꞑjljmjzdj audarƣan mәsele edj çәne osь mәselenj ʙjzʙen ʙjrge taldauƣa oqucьnь caqьrudь aldaƣacan-aq oilap edjk. Bjraq ʙjzdj keiʙjr qauьptenucjljkter toqtatьp edj: mymkjn, ʙjzdjꞑ oqucьlarьmьz ʙūl mәselenj өzderj ycjn cecken ʙolar, ʙjz ūsьnьs çasauƣa kecjkken ʙolarmьz dep oilap edjk. Kәzjr ʙjzde endj ondai qauьptenucjljkter çoq. Bjzdj olardan nemjs tarixcьlarь qūtqardь. Bjz mūnь cьn aitьp otьrmьz. Әꞑgjme mьnada: soꞑqь uaqьttarda tarixtaqь ūlь adamdar turalь ne-

*Sintezge ūmtьluda ʙjzdjꞑ aldьnьzƣa cьqqan sol gospodin Kareev boldь. Bjraq amal nc, ol adam çan men tөnnen qūraldь degen aqiqattьqtь tanudan әrj ʙarƣan çoq.

nӈs tarixcьlarьnьӊ arasьnda вjrkelkj qьzu talastar воldь.[1] Bjreulerj ondai adamdardьӊ saiasi jsjn tarixi damudьӊ вastь çəne вjrden-вjr pruçinasьna taiau dep sanauqa вeijm воldь, al вasqalarь mündai kөzqaras ьӊarçaqtьq etedj, tarixi qьlьm tek ülь adamdardьӊ qana jsjn alьp qaramai, tek saiasi tarixtь qana alьp qaramai, tarixi өmjrdjӊ çalpь çinaqьn (das Ganze geschichtlicgen Lebens) alьp qarauqa tijs dep sanadь. Bül soӊqь вaqьttьӊ uakjljnjӊ вjrj, orьs tjljne gospodin P. Nikolaev audarqan, «Nemjs qalqьnьӊ tarixь» degen kjtaptьӊ avtorь Karl Lamprext воldь. Dücpandarь Lamprextь «kollektivizmdjkte» çəne materializmdjkte dep kjnaladь, onь — horribile dictu — tjptj «sotsialdemokratiacьl ateistermen» вjr sanadь; talastьӊ qortьndьsьnda onьӊ өzj osьlai dedj: Onьӊ kөzqarastarьmen tanьsqan kezde вjz, ol sorlь oqьmьstьqa taqqan kjnanьӊ mylde dəlelsjz ekendjgjn kөrdjk. Sonьmen qatar kəzjrgj kezdegj nemjs tarixcьlarьnьӊ çeke adamdardьӊ tarixtaqь rөlj turalь məselenj cece almaitьndьqьna вjzdjӊ kөzjmjz çettj. Mjne sondьqtan вül məsele keiвjr orьs oqucьlarь ycjn de cecjlmegen məsele ekendep tавuqa өzjmjzdj pravolь sanadьq, çəne ol turalь teorialьq çəne praktikalьq maӊьzь mylde çoqalmaqan вjrnərse aitudь orьndь dep taptьq.

Lamprext memleket вasьndaqь kөrnektj adamdardьӊ, olardьӊ sol tarix ortasьnda çyzege asqan jsterj turalь kөzqarastarьnьӊ вytjn вjr kolleksiasьn (өzj aitqandai eine artige Sammlung) çinadь; вjraq өzjnjӊ aitьsьnda ol B i s m a r k t ь ӊ keiвjr sөzderj men pjkjrlerjne syienumen qanaqattandь. Ol temjrdei qataӊ kanslerdjӊ 1869 ç. 16-aprel soltystjk — german reixstagjnde sөilegen mьna sөzjn keltjredj: «Gospodinder, вjzder өtken kezdjӊ tarixьn elemei de kete almaimьz, kelecektj çasai da almaimьz. Men sjzderdj keiвjr adamdardьӊ saqatьn jlgerj çyrgjzjp, sonьӊ arqasьnda uaqьttь tez өtkjzemjz dep qialdanatьn adasucьlьqьnan saqtandьrqьm keledj. Men өzjm qatьsqan, qoldaqan oqiqalarqa ьqpal çasauьmdь kөвjnese asьra вaqalaitьndar вar, вjraq dei türqanmen, menen tarixtь çasa dep talap etudj eckjm de oilamaidь. Sjzdermen вjrjgjp вjz вykjl dyniege qarsь quralatьn воlsaqta, tarixtь çasau maqan tjptj sjzdermen вjrjkken kynde de mymkjn emes. Bjraq вjz tarixtь çasai almaimьz; вjz tarixtьӊ çasaluьn kytuge tijstjmjz. Çemjsterdjӊ astьna cam çaqьp qьzdьruьmьzвen, вjz ol çemjsterdjӊ pjsujn tezdete almaimьz; al eger ol çemjsterdj pjspei çülьp alsaq, onda вjz olardьӊ өsujne kedergj çasai-

mьz çəne olardь quratьp paidaqa aspaitьn etjp tastaimьz».
Çolidьŋ aiqaq bolыna syiene otьrьp, Lamprext fransuz —
prussia soqьsьnьŋ kezjnde Bismarktьŋ san ret aitqan pj-
kjrlerjn de keltjredj. Ol pjkjrlerdjŋ çalpь maqanasь da ço-
qarqьdai: «Bjz ūlь tarixi oqiqalardь çasai almaimьz, jstjŋ
tabiqь çyrjsjne beijmdeluge çəne pjsjp çetken ńərselermen
əzjmjzdj qamtamasьz etumen qanaqattanuqa tijstjmjz».
Lamprext mūnь tereŋ çəne tolьq aqiqattьq dep sanaidь.
Onьŋ oiьnca: kəzjrgj kezdegj tarixcь, eger oqiqanь tereŋ
teksere bjlse, əzjnjŋ kəzdegen jsjn əte qьsqa uaqьtta ter-
geumen toqtatьp tastamasa, mūnan basqaca oilai almaidь.
Bismark Germanianь naturaldьq caruacьlьqqa qaita tysjre
alarma edj? Mūnь jsteu oqan tjptj əzjnjŋ qūdjrettjljgj
asьp tūrqan kezde de mymkjn bolmas edj. Çalpь tarixi
çaqdailar naqьz qūdjrettj adamdardan da kyctj. Ūlь adam
ɣycjn onьŋ zamanьnьŋ çalpь sipatь «e m p e r i k a l ь q
t y r d e b e r j l g e n q a ç e t t j l j k» bolьp tabьladь.

Əzjnjŋ kəzqarasьn u n i v e r s a l d ь q kəzqaras dei otь-
rьp, Lamprext osьlai dep oilaidь. «Universaldьq» kəzqaras-
tьŋ osal çerlerjn baiqau qiьn emes. Bismarktan keltjrgen
pjkjrlerj psixologialьq dokument esebjnde kjsjnjŋ kəŋjljn
audaradь. Germanianьŋ būrьnqь kanslerjnjŋ jsjne tjlektes
bolmauqa boladь, bjraq ol js bolmacь bolьp edj, Bismark
«kvietizmcjl» edj deuge bolmaidь. Ol turalь Lassal bьlai
dedj qoi: «Reaksianьŋ qьzmetkerlerj qūr maqtancaqtar
emes, qūdai, sondai qьzmetkerlerdj progreske kəbjrek be-
re kər». Mjne tap sol, kəbjnese naqьz temjrdei qataŋ çj-
ger kərsetken adam, əzjn tarixi damudьŋ səzsjz, çai qana
qūralь dep qarap, jstjŋ tabiqi barьsьna salьstьrqanda əzjn
mylde dərmensjzbjn dep sanaidь: būl qūbьlьstь qaçettjljk-
tjŋ tūrqьsьnan qarai otьrьp, əte çjgerlj qairatker boluqa
mymkjn ekendjgjn, taqьda kərsetedj. Bismarktьŋ pjkjrlerj
tek osь çənjnde qana kəŋjl audaradь; al ol pjkjrlerdj çeke
adamdardьŋ tarixtaqь rəlj turalь məselege çauap boladь
dep sanauqa mymkjn emes. Bismarktьŋ səzjne qaraqanda,
oqiqalar əzjnen əzj çasalьp çatadь, al bjz olardьŋ daiarla-
qanьmen əzjmjzdj qamtamasьz ete alamьz. Bjraq «qamta-
masьz etudjŋ» ərbjr aktьsь da tarixi oqiqa bolьp tabьladь
qoi: mūndai oqiqalardьŋ əzjnen əzj çasalьp çatatьn oqiqa-
lardan aiьrmacьlьqь qandai? Cьndьqьnda, tarixi oqiqalardьŋ
qaisьsь bolsa da derljk aldьŋqь bolqan damudьŋ pjsjp çet-
ken çemjsterjnjŋ kjmdj bolsada «qamtamasьz etuj» bolьp
sanaluьmen qatar kelecektjŋ çemjsjn daiьndaitьn oqiqalar

tjzʙekterjnjꞑ ʙjr ʙuʙьn ʙolьp taʙьladь. «Qamtamasьz etu» aktьlarьn jstjꞑ taʙiƣi çyrjsjne qalai qarama qarsь qoiuƣa ʙoladь? Bismarktьꞑ sөzjne qaraƣanda, onьꞑ aitaьn degenj: tarixta ʙolƣan çeke adamdar çəne çeke adamdar gruppasь ec qacanda da ʙərjn jsteitjn qūdьret ʙolƣan çoq çəne ec qacanda da ʙolmaidь, deu ʙolar. Būƣan, ərine, ecqandaĭ da kyməndanuƣa ʙolmaidь. Bjraq dei tūrƣanmen, çeke adamdardьꞑ, ərine, ʙərjn jsteitjn qūdjretjnen aulaq, kycjnjꞑ nemenege ʙailanьstь ekenjn, çəne ol kyctjꞑ qandai çaƣdaida өsjp, qandai çaƣdaida azaiatьnьn ʙjzdjꞑ ʙjlgjmjz keledj. Būl sūraularƣa Bismark ta, onьꞑ sөzjn sitatqa alƣan, tarixqa «universaldьq» tūrƣьdan qaraudь çaqtaƣan oqьmьstь da çauap ʙermeidj.

Ras, Lamprexten tysjnjktjrek sitattardь da kezdestjruge ʙoladь.* Ol, misalь, Fransianьꞑ kəzjrgj kezdegj tarixi ƣьlьmьnьꞑ eꞑ kөrnektj uakjlderjnjꞑ ʙjrj Mononьꞑ mьna sөzderjn keltjredj: «Tarixcьlar, adam ʙalasьnьꞑ damuьnьꞑ cьn qьzƣьlьqtь çəne tūrƣьlьqtь ʙөlegj ʙolatьn, ʙөlegj ʙolƣanda ʙelgjlj mөlcerge deijn zaꞑdь dep taʙuƣa çəne ʙelgjlj dəreçege deijn dəl anьq analiz çasauƣa ʙolatьn ʙөlegj ʙolƣan ekonomikalьq çaƣdailar men əleumettjk mekemelerdjꞑ ūlь çəne çai qozƣalьsьn suretteudjꞑ ornьna, adamnьꞑ jsjnjꞑ tamaca, çūrtqa mөljm çəne өte çedel kөrnjsterjne, ūlь oqiƣalarƣa çəne ūlь adamdarƣa airьqca kөꞑjl audaruƣa camadan tьs daƣdьlanьp kettj. Cьndьƣьnda, maꞑьzdь oqiƣalar çəne maꞑьzdь adamdar kөrsetjlgen damudьꞑ tyrlj momentterjnjꞑ ʙelgjsj çəne simvolj eseʙjnde ƣana maꞑьzdь. Teꞑjzdjꞑ ystjnde ʙjr azƣantai ƣana uaqьt çarq-çūrq etjp saƣьmdanьp, ecʙjr jz qaldьrmastan çaƣadaƣь qūmƣa ʙatьp çoq ʙolьp ketetjn tolqьndardьꞑ, sudьꞑ ynemj çəne kyctj ʙolьp tūratьn tasqьndauь men qaituьna qatnasь qandai ʙolsa tarixi oqiƣalar dep atalatьn oqiƣalardьꞑ kөʙjnjꞑ naƣьz tarixqa qatnasьda sondai».

Lamprext, Mononьꞑ ʙūl sөzderjnjꞑ ər qaisьsьna da qol qoiuƣa daiar ekendjgjn, ʙjldjredj. Nemjs oqьmьstьlarьnьꞑ fransuz oqьmьstьlarьmen, al fransuz oqьmьstьlarьnьꞑ nemjs oqьmьstьlarьmen keljsudj təujr kөrmeitjnj çūrtqa mөljm. Sondьqtan Belgianьꞑ tarixcьsь Pirenn «Revue Historique» de Mononьꞑ tarixqa kөzqarastarь men Lamprextьꞑ

* Lamprextьꞑ ʙasqa filosofialьq — tarixi maqalalarьn əꞑgjme qьlmai ʙjz ʙūl çerde de çəne aldaƣь uaqьtta da onьꞑ «Der Ausgang des geschichtswissenschaftilichen kampfes», Die Zukunft, 1897, №41. Degen maqalasьn sөz qьlamьz.

kezqarastarьnьn ʙūl dəl kelujne ezgece ьrza ʙolьp, atap kersetedj. «Būl keljsu ete ylken məndj js ʙoldь — deidj el. — Būl kelecektjn çana tarixi kezqarastarqa çatatьndьqьn kersetedj».

## V

Bjz Pjrennanьn senjmjne qosьla almaimьz. Kelecek alqьn emes çəne tūraqsьz kezqarastarqa çata almas; al Mononьn, əsjrese Lamprextьn kezqarastarь dəl sondai. Tarixi qьlьmnьn ʙastь mjndetj qoqamdьq mekemeler men ekonomikalьq çaqdailardь zertteu dep sanaqan ʙaqьttь, ərine, qūttьqtamauqa ʙolmaidь. Būl qьlьm çenjnde ondai ʙaqьt typkjljktj ʙekjngen kezde, ol mьqtap jlgerleidj. Bjraqta, ʙjrjncjden, Pjrennanьn ondai ʙaqьttь, çana ʙaqьt deuj qate. Tarixi qьlьmda ol ʙaqьt XIX qasьrdьn aldьnqь çьrma çьldьqьnda-aq cьqqan: Gizo, Minie, Ogusten Tierri, al keljnnen Tokvill çəne ʙasqalar ol ʙaqьttьn tamaca, dəiektj uakjlderj ʙoldь. Mono men Lamprextьn kezqarastarь osь eskj, ʙjraq ete tamaca originaldьn nacarlau kecjrmesj qana ʙolьp taʙьladь. Ekjncjden, Gizo, Minie çəne ʙasqa fransuz tarixcьlarьnьn kezqarastarь, kezjnde qanca teren ʙolmaqanmen, ol kezqarastarda kep nərseler tysjnjksjz ʙolьp qaldь. Olarda çeke adamdardьn tarixtaqь rel turalь məselege dəl çəne tolьq çauap ʙerjlgen çoq. Al eger tarixi qьlьmnьn uakjlderj, ezderjnjn pənjne sьnarçaq qaraudan arьlqan ʙolsa, ol qьlьm ʙūl məselenj, cьndьqьnda, cecuge tijstj. Kelecek, altaьq, osь məselenj de en çaqsь cecken ckolaqa çatadь.

Gizo, Minie çəne ʙasqa da osь ʙaqьttaqь tarixcьlardьn kezqarastarь onsegjzjncj qasьrdaqь kezqarastarqa qarsь reaksia eseʙjnde ʙoldь çəne olardьn a n t i t e z j ʙolьp taʙьldь. Onsegjzjncj qasьrda tarixtьn filosofiasьmen cūqьldanqan adamdar jstjn ʙərjnde ç e k e  a d a m d a r d ь n s a n a l ь  j s j n e aparьp tjredj. Ras, ol kezde de çalpь ereçege qosьlmaqan alьrmacьlьqtar ʙoldь: məselen, Viko, Monteskie çəne Gerderanьn filosofialьq — tarixi kezqarastarь əlde qalda ken ʙoldь. Bjraq ʙjz airьqcьlьqtar turalь sez qьlmaimьz; onsegjzjncj qasьrdaqь aqьl ielerjnjn orasan kepcjljgj tarixqa dəl çoqarqь ʙjz aitqandai qaradь. Būl çende misalь, Maʙlidьn tarix turasьndaqь cьqarmalarьn kəzjr qaitadan oqьp cьqu ete qьzqьlьqtь ʙoladь. Maʙlice, kritandardьn əleumettjk—saiasi emjrjn çəne morəldarьn ty-

geljmen Minos çasaqan вolьp сьqadь, al Likurg Spartqa tap sondai qьzmet etken вolьp taвьladь. Eger spartancьldar materialdьq вailьqtь «çek kөrse», olardьŋ mūnьsь dәl Likurganьŋ arqasьnda вoldь; Likurg «өzjnjŋ azamattarьnьŋ çyregjnjŋ tykpjrjne degendei endj, çyrektegj вailьq syiudjŋ nьsanasьn çoiьp çoq qьldь» (descendit pour ainsi dire jusque dans le fond du coeur des citoyens etc)*. Al eger danьspan Likurganьŋ өzderjne kөrsetken çolьnan keijnnen spartancьldar вas tartsa, onda вūqan olardь «çaŋa zaman men çaŋa çaqdailar olardan çaŋaca вasqarudь, çaŋa saiasattь talap etedj**» dep sendjrgen Lizandr kjnalj. Mūndai kөzqarastьŋ tūrqьsьnan çazьlqan zertteulerdjŋ qьlьmmen qatьsь өte az вoldь çәne ol zertteulerden сьqatьn morәldьq «saвaqtardь» uaqьzdau ycjn qana çazьldь. Restavratsia zamanьndaqь fransuz tarixсьlarь mjne tap osьndai kөzqarastarqa qarsь вas kөterdj. XVIII qasьrdьŋ aiaq kezjndegj dynienj caiqaltqan oqiqalardan keijn-aq: tarix degenjmjz өzjnjŋ вet aldь вolçauь arqьlь — nadan, вjraq qūlaq qoiqьc вūqaranь ia ol, ia вūl sezjmderge, ūqьmdarqa sendjretjn azdь kөptj kөrnektj, azdь-kөptj igjljktj çәne mәdeniettj çeke adamdardьŋ jsj dep oilauqa, ecqandai mymkjndjk вolmadь. Onьŋ ystjne tarix çөnjndegj mūndai filosofia вurçuazianьŋ teoretikterjnjŋ pleвeilьq arьna tidj. Вūl çөnde XVIII qasьrdьŋ өzjnde-aq, вurçuazialьq dramanьŋ tuqan kezjnde вolqan sezjmder kөrjndj. Tierri tarix çөnjndegj eskj kөzqarastarqa qarsь çyrgjzgen kyresjnde, aitqandaiьn Bomarcenjŋ çәne вasqalardьŋ sol eskj estetikterge qarsь ūsьnqan dәlelderjnjŋ өzjn qoldandь.*** Aqьrьnda, Fransianьŋ вasьnan çuьrda qana өtken dauьldar, tarixi oqiqalardь adamdardьŋ sanalь tyrde çasaqan jsterj qana вelgjlemeitjndjgjn өte aiqьn kөrsettj; osь çaqdaidьŋ өzj-aq, вūl oqiqalar, çaratьlьstьŋ stixialьq kycterj siaqtь soqьr, вjraq вelgjlj вūzьlmaitьn zaŋdarqa sәikes kyc çasaitьn qandaida вolsa çasьrьn qaçettjljktjŋ ьqpalь arqьlь

* Oeuvres complètes de l'aвв'ede Mәвly dь qara, Londres 1783, tome quatrième p. 3,14 — 22,24 вet 292.

** Oeuvres complètes de laввé de Maвly, dь qara, Londres 1783, tome quatrième, p. 10.

*** «Fransianьŋ tarixь» turalь qattardьŋ вjrjncjsjn «Essai sur le genre dramatique sérieux» (Bomarce, Oeuves completestjŋ вjrjncj to-

bolьp otьradь, degen oiqa əkeljp tysjruge tijstj boldь. Asa tamaca — вjzdjņ вjlujmjzce osь kynge deijn eckjm kərsetpegen — faktь sol, tarixqa zaņdь protses eseвjnde qarau çənjndegj çaņa kəzqarastardь restavratsia dəujrjndegj fransuz tarixcьlarь dəl fransuz revolutsiasьna arnalqan сьqarmalarьnda вolqanьnca dəiektj tyrde çyrgjzdj. Onьņ вerçaqьnda, Minienjņ сьqarmalarь da osьndai edj. Tarix çənjndegj çaņa ckolanь Catoвrian f a t a l i s t j k ckola dep atadь. Ol ckolanьņ zertteucjlerdjņ aldьna qoiqan mjndetterjn formulalai keljp Catoвrian вьlai deidj: «Bŭl sistema, tarixcь naqьz вarьp tŭrqan aiuandьqtar turalь da çek kərmei çazsьn, naqьz ŭlь igjljkter çasaucь adamdar turalь da syisjnвei aitsьn çəne salqьn qanmen qarau arqьlь qoqamdьq əmjrdegj qandai qŭвьlьstь вolsa da dəl əzjnjņ çyzege asuqa tijstj вolqanьndai etjp çyzege asьratьn, ecnərsenjņ əserj timeitjn zaņdardьņ çarьqqa сьquьn qana kərsjn dep talap etedj».* Bŭl, ərine, dŭrьs emes. Çaņa ckola tarixcьnьņ qŭmarlanвai çazuьn ecqandaida talap etken çoq. Ogusten Tierri tjptj, saiasi qŭmarlanucьlьqtar zertteucjnjņ oiьn terendete otьrьp, aqiqattьqtь taвuqa keremet qŭral вoluь mymkjn, dedj.** Gizo, Tierri nemese Minienjņ, вurçuazianьņ svettjk çəne ruxani aristokratialarqa qarsь çyrgjzgen kyresjnde de çəne tuьp keleçatqan proletariattьņ talaptarьn вasьp çancuqa ŭmtьluьna da əte qьzu tyrde tjlektes вolqandarьna kəz çetkjzu ycjn вŭlardьņ tarix çənjndegj сьqarmalarьmen azqana tanьsudьņ əzj de çetkjljktj вoladь. Bjraqta mьnau dausьz nərse: çaņa tarixi ckola XIX qasьrdьņ alqacqь çiьrma çьldьqьnda, вasqaca aitqanda, aristokratia əzjnjņ вŭrьnqь privilegialarьnьņ вjr azqantaiьn qaita aluqa talpьnqanmen, вurçuaziadan çeņjljp вolqan kezjnde сьqtь. Əzderjnjņ taвьnьņ çeņjp сьqu maqtanьsь, çaņa ckolanьņ tarixcьlarьnьņ вarlьq pjkjrlerjnde de kərjnjp tŭrdь. Al вurçuaziada rьtsarlьq mjnez вolmaqandьqtan, onьņ oqьmьstь uakjlderjnjņ pjkjrlerjnde keide çeņjlgenderge qataņ qaraitьndьqь sezjljp tŭrdь. «Le plus fort absorbe le plus faible, — deidj Gizo, əzjnjņ attьsqa arnaqan kjtapcalarьnьņ вjrjnde, — et il est de

* Oeuvres complètes de Chateaubriand, Paris 1840, VII, p. 58. Oqu сьnьņ onan soņqь вetkede keņjl audaruьn maqŭl kərəmjz; ol вettj gospodin Nik. Mixailovski çazqan вolar dep oilauqa вoladь.

** «Recits des temps Merovingiens», ke qosьmca etjljp çazьlqan

droit» (kyctj nacarqa өktemdjk çasaidь,– çәne өktemdjk etuge onьӊ pravosь da вar). Onьӊ çūmьsсь taвьna kөzqarasьnьӊ qataӊdьqь da вūdan kem emes. Keide çaiвaraqat qūmarsьzdьq formasьna tysetjn вūl qataӊdьq Catoвriandь da adastьrdь. Mūnьӊ ystjne, tarixi qozqalьstьӊ z a ӊ d ь l ь q ь n qalai ūqьnu kerektjgj ol kezde aiqьn вolmadь. Aqьrьnda çaӊa ckolanьӊ fatalistjk вolьp kөrjnujnjӊ вjrden-вjr seвeвj: onьӊ zaӊdьlьq turalь kөzqarastь вerjk qoldaimьn dep, ūlь tarixi adamdarqa çөndj kөӊjl audarmauь вoldь. * Onsegjzjncj qasьrdaqь tarixi idealarmen tәrвialanucьlar ycjn ūlь tarixi adamdarqa kөӊjl вөlu qiьn вoldь. Çaӊa tarixcьldarqa qarsьlьq kөrsetucjljkter tūs-tūsьnan kөвeijp kettj, mjne sөitjp talas вastaldь, вūl talas, өzjmjz kөrjp otьrqan, osь kynge deijn вjtken çoq.

Minienjӊ, «Fransuz revolutsiasьnьӊ tarixь» degen kjtaвьnьӊ вesjncj çәne altьncь tomdarьnьӊ çarьqqa cьquь turalь, 1826 çьldьӊ ianvarьnda «Gloвede» Sent-Bev вьlai dep çazdь: «Adam әrвjr minutte өz erkjnjӊ kenetten cьqarqan cecjmj arqьlь oqiqalardьӊ вarьsьna kytpegen, çaӊa, өzgerjs kyc engjze aladь; вūl kyc uaqiqalarqa вasqa вaqьt вere aladь, вjraqta, өzgergjc вolqandьqtan ol kyctjӊ өzj өlceuge kөnвeidj». Sent-Bev, adam erkjnjӊ «kenetten cьqarqan cecjmj» ecвjr seвepsjz вoladь dep esepteidj-mьs dep oilauqa вolmaidь. Çoq, вūl tьm aӊqaulьq вolar edj. Ol tek вьlai dep qana sanaidь: qoqamdьq өmjrde azdь-kөptj maӊьzdь rөl atqaratьn adamnьӊ aqьl çәne morәldьq qasietterj, onьӊ talanttarь, вjljmj, вatьldьqь ne вatьlsьzdьqь, erljgj ne qorqaqtьqь çәne вasqalarь oqiqalardьӊ вarьsьna çәne tьnьmьna kөzge kөrnerljktei ьqpal çasamai qala almaidь, al, onьӊ вerçaqьnda, вūl qasietter qalqtьӊ damuьnьӊ tek çalqьz çalpь zaӊdarьnan qana tumaidь; ol qasietterdjӊ edәujrj, әrqacanda da, çeke өmjrdjӊ kezdeisoqtarь dep atauqa вolatьnnьӊ әserj arqьlь qūraladь. Būl, өzjnen өzj aiqьn siaqtь вolьp tūrqan pjkjrdj tysjndjru ycjn вjrnece misaldar keltjreijk.

* Minienjӊ «Fransuz revolutsiasьnьӊ tarixь» degen kjtaвьnьӊ 3 вasьluьna arnalqan maqalasьnda, Sent-Bev ol tarixcьnьӊ çeke adamdarqa kөzqarasьn mьna tyrde sipattaldь: «A la vue des vastes et profondes e'motions populaires qu'il avait à de̊crie, au spectacle de l'impuissance et du ne'ant oū tombent les plus sublimes ge'niès, les vertus les plus saintes, alors que les masses se soulènt, il s'est pris de pitie' pour les individus, n'a vu en eux pris isolement que faiblesse et ne leur a reconnu d action efficace, que dans leur union avec la muititude».

Avstria mūrasь ycjn çasaƣan soƣьsьnda fransuz armiasь ʙjrnece ret tamaca etjp çeꞑdj, mjne osьnьꞑ arqasьnda Fransuz Avstrianьꞑ kəzjrgj Belgiaƣa qaraitьn territoriasьnan edəujr kɵp çer ala alatьn edj; ʙjraq Liudovik XV ʙūl çerdj talap etken çoq, ɵitkenj ol, ɵzjnjꞑ sɵzjne qaraƣanda, səudeger retjnde soƣьsqan çoq, korɵl retjnde soƣьstь, sɵitjp Aaxenski ʙjtjmj fransuzdarƣa ecnərse ʙermedj; al eger Liudovik XV-nьꞑ mjnezj ʙasqaca ʙolsa, Fransianьꞑ territoriasь kɵʙeigen ʙolar edj, sonьꞑ arqasьnda onьꞑ ekonomikalьq çəne saiasi damuьnьꞑ ʙarьsь da ʙjrsьpьra ɵzgergen ʙolar edj.

Çetjçьldьq soƣьstь Fransia Avstriamen odaqtas ʙola otьrьp çyrgjzgenj çūrtqa məljm. Būl odaq, ataqtь Maria-Terezanьꞑ çazƣan qatьnda ɵzjnjꞑ sjꞑljsj nemese qьmʙattь dosь (bien bonne amie) dep ataƣanь ycjn asa quanƣan gospoça Pompadurdьꞑ kyctj çərdem kɵrsetujnjꞑ arqasьnda çasaldь degen sɵz ʙar. Sondьqtan ʙьlai deuge ʙoladь: eger Liudovik XV-nьꞑ mjnezj qataꞑьraq ʙolsa nemese eger ol favoritkalardьꞑ ьqpalьna tьm ʙerjlmegen ʙolsa, onda oqiƣalardьꞑ ʙarьsьna gospoça Pompadurdьꞑ ьqpalь sondailьq ʙolmas edj, çəne oqiƣalardьꞑ ʙarьsь ʙasqaca ʙolar edj.

Odan keijn. Çetjçьldьq soƣьs Fransiaƣa səttj soƣьs ʙolьp cьqpadь: onьꞑ generaldarь ʙjrnece ūiattь çeꞑjljsterge tap ʙoldь. Generaldar tegjnde ɵzderjn tьm-aq çaman ūstadь. Ricelie çūrttь talaumen çyrdj, al Suʙiz men Broli ʙjr ʙjrjne ynemj kedergj çasaumen ʙoldь. Misalь, Broli Fillingauzide çauƣa caʙuьl salƣanda, Suʙiz atьlьp çatqan oqtardьꞑ dausьn esti tūrьp, çasalƣan uədege, ɵzjnjꞑ sɵzsjz jsteitjn, moinьndaƣь mjndetjne qaramastan çoldasьna ʙarьp çərdem ʙermedj, sondьqtan Broli ьlaçsьz keijn cegjndj. * Qolьnan tyk kelmeitjn Suʙizdj sol gospoça Pompadur qamqorlьqqa alьp, qorƣap çyrdj. Mjne ʙūl rette de taƣьda qaita aituƣa ʙoladь: eger Liudovik XV çjgjttjkke sondailьq ʙerjlmese nemese eger onьꞑ favoritkasь saiasatqa aralaspasa, onda oqiƣalar Fransiaƣa sondailьq qolaisьz ʙolmaƣan ʙolar edj.

Fransuz tarixcьlarь ʙьlai deidj: Fransiaƣa evropanьꞑ çerjnde soƣьsudьꞑ tjptj keregj çoq edj, qaita ɵzjnjꞑ ko-

---

* Ķeiʙjreuler, aitqandai, dedj: aьptь Suʙiz emes, ʙjrjgjp çeꞑjp cьqtь degen ataqqa ortaq ʙolƣьsь kelmei, ɵzjnjꞑ çoldasьn kytpegen Broli ɵzj kjnalj deidj. Bjzge mūnьꞑ ecqandai maꞑьzь çoq, ɵitkenj ol jstjꞑ mənjsjn ecqandai da ɵzgerte almaidь.

lonialarьn Anglianьŋ cengeljnen saqtap qalu ycjn barlьq kycjn teŋjzge salu kerek edj, deidj. Eger Fransia вasqaca jstegen вolsa, вūqan taqьda sol «өzjnjŋ qьmвattь dosь Maria-Terezaqa çaqsь kөrjngjsj kelgen gospoça Pөmpadur aiьptь вolar edj. Çetjçьldьq soqьstьŋ nәtiçesjnde Fransia өzjnjŋ çaqsь kolonialarьnan airьldь, вūl onьŋ ekonomikalьq qatnastarьnьŋ damuьna, sөz çoq kyctj әser ettj. Вūl çerde әieldjŋ maqtancaqtьq jsteuj ekonomikalьq damudьŋ kyctj ьqpal çasaucь «faktorьnьŋ» rөljn atqarьp otьr.

Basqa misaldar kerek pe? Taqь da вjr misal keltjreijk, mymkjn вūl өte qьzqьlьqtь вolar. Sol çetjçьldьq soqьstьŋ kezjnde, 1761 çьlь avqūsta Avstria armiasь Sileziada orьs әskerjmen qosьlьp, Ctrigaudьŋ maŋьnda Fridrixtь qorcap aldь. Onьŋ qalqь өte nacar вoldь, вjraq odaqtastar caвuьl saluьn keceŋdettj, general Buturlin çaudьŋ aldьnda 20 kyn tūrьp, Avstria generalь Laudonqa kөmektesu ycjn Sileziaqa өzjnjŋ kycjnjŋ вjrsьpьrasьn qana tastadь da Sileziadan tjptj вjrçolata cьqьp kettj. Laudon Fridrixqa çaqьn tūrqan Cveidnitstj aldь, вjraq вūl taвьstьŋ maŋьzьaz вoldь. Al eger Buturlinnьŋ mjnezj вatьlьraq вolsa? Eger odaqtastar Fridrixqa өzjnjŋ lagerjnde вekjnjp aluqa mymkjncjljk вermesten caвuьl çasasa? Mymkjn, olar Fridrixtь talqandap çeŋjp alqan вolar edj, sөitjp Fridrix çeŋucjlerdjŋ вarlьq talaptarьna вaqьnuqa tijstj вolar edj. Al mūnьŋ өzj, jstjŋ çaqdaiьn Fridrixqa qolailь etjp өzgertken, çaŋa kezdeisoq uaqiqadan, imperatritsa Elisavetanьŋ өlujnen вjrnece ai-aq jlgerjrek вolьp өttj. Eger Buturlinnьŋ вatьldьqь kyctj вolsa nemese eger onьŋ ornьnda Suvorov siaqtь adam вolsa ne вolqan вolar edj? degen sūraq tuadь.

«Fatalist» — tarixcьlardьŋ kөzqarastarьn teksere keljp, Sent-Bev taqь вjr вasqa pjkjr kөrsetedj; ol pjkjrjne de kөŋjl audaru kerek вoladь. Minienjŋ «Fransuz revolutsiasьnьŋ tarixь» degen kjtaвь turalь çazqan, вjzdjŋ çoqarьda sitatqa keltjrgen, maqalasьnda ol mьnanь dәleldeidj: fransuz revolutsiasьnьŋ вarьsь men tьnьmь, ol revolutsianь tuqьzqan çalpь seвepterge qana вailanьstь вolqan çoq çәne kezjnde revolutsianьŋ tuqьzqan qūmartularьna qana вailanьstь вolqan çoq, sonьmen qatar zertteucjnjŋ вaiqamai ketetjn, çәne tjptj cьndьqьnda qoqamdьq qūвьlьstar deitjnderdjŋ sanьna mylde kjrmeitjn tolьp çatqan ūsaq qūвьlьstarqa da вailanьstь вoldь. «Вūl (qoqamdьq qūвьlьstar

tuqьzqan) qūmartular əser etjp çatqan kezde-dep çazdь ol—çaratьlьstьŋ fizikalьq çəne fiziologialьq kyctərj de qarap çatqan çoq: tas salmaqtьŋ təmen tartu kycjne вaqьnuьn toqtatqan çoq; qan tamьrdь boilap çyrujn qoiqan çoq. Eger, aitaiьq, Miraвo вezgekten əlmegen вolsa; eger əldə qalai qūlaqan kjrpjcten ne qansьraucьlьqtan Robespier əlgen вolsa, eger Bonapart oqqa ūcqan вolsa, oqiqalardьŋ вarьsь qalaica əzgermes edj? Al sjzder oqiqalardьŋ tьnьmь da osьlai вolar edj dep qalaica sanai alasьzdar? Menjŋ çoвalaqanьma ūqsas kezdeisoqtьqtar çetkjljktj вolьp tūrqan kezde, oqiqalardьŋ tьnьmь, sjzdjŋ oiьŋьzca, səzsjz вoladь degen tьnьmqa mylde qarama qarsь вoluь mymkjn qoi. Al menjŋ ondai kezdeisoqtьqtardь çoвalauqa qaqьnı вar qoi, əitkenj ondailardь revolutsianьŋ çalpь seвepterj de, sol çalpь seвepter tuqьzqan qūmartular da çoqqa cьqarmaidь». Ol вūdan keijn, eger Kleopatranьŋ mūrnь azdap qьsqa вolsa tarix mylde вasqaca damьqan вolar edj degen əigjlj səzdj taqь keltjrjp, əzjnjŋ qortьndьsьnda Minienjŋ kəzqarasьn qorqau ycjn kəp nərseler aituqa вolatьnьn moiьndai otьrьp, ol вūl avtordьŋ qatesjnjŋ nede ekenjn kərsetedj. Minie вasqa ūsaq, kyngjrt çəne вaiqalmaitьn seвepterdjŋ kəmegjmen вolqan nətiçelerdj de, tek çalqьz çalpь seвepterdjŋ əserjnen qana вoldь dep esepteidj; əzjnjŋ tərtjp ben zaŋdьlьq cьqpaidь degen nərselerjn onьŋ qatal aqьlь moiьndaqьsь kelmeitjn siaqtь.

## VI

Sent-Bevtjŋ qarsь ūsьnqan dəlelderj negjzdj me? Ol dəlelderde aqiqattьqtьŋ вjrsьpьra вelgjsj вar siaqtь. Bjraq dəl qandai вelgj? Onь anьqtau ycjn, eŋ əuelj, adam «əzjnjŋ erkjnjŋ kenetten cьqarqan cecjmderj arqьlь» oqiqalardьŋ вarьsьna, sol вarьstь əzgerterljktei çaŋa kyc engjzedj, degen pjkjrdj qarastьrьp alaiьq. Bjz çoqarьda, əzjmjzce вūl pjkjrdj çaqsь tysjndjretjndei misaldar keltjrdjk. Sol misaldarqa oi çjвerjp kəreijk.

Liudovik XV-nьŋ patcalьq etken kezjnde, Fransianьŋ soqьs jsterj вjrden-вjrge nacarlai вergenj çūrttьŋ вərjne de məljm. Anri Martennjŋ səzjne qaraqanda, çetj çьldьq soqьstьŋ kezjnde, soŋьnan toptanqan çez əkcelj əielderdj, səudegerler çəne yl qьzmetkerlerdj ūdaiь ertjp çyrgen, salt attarьnan kərj çyk attarь yc ese kəp вolqan, fransuz əskerj Tiurennə men Gustav-Adolftьŋ armiasьnan kərj Daria men

Kserksanьŋ qalьŋ qolьna kөвjrek ūqsaqan.* Būl soqьs turalь өzjnjŋ çazqan tarixьnda Arxengolts вьlai deidj: qaraцьlqa qoiьlqan fransuz ofitserlerj kөвjnde өzderjnjŋ postьsьn tastap, çaqьn вjr çerge вileцge ketjp qalatьn, вastьqtarьnьŋ вūirьqьn tek өzderjne ьŋqailь kezde, kөŋjlderj ūnatsa qana orьndaitьn. Soqьs jsterjnjŋ mūndai nacar xalj, әsker jcjndegj вarlьq çoqarqь lauazьmda dvorәndar olьrqan men, вjrden вjrge çьldam talqandanuqa вet alqan вykjl «eskj tәrtjptjŋ» çalpь qirauьmen dvorәnstvonьŋ ker ketujmen вailanьstь воldь. Çetjçьldьq soqьstьŋ Fransiaqa tijmsjz nәtiçede воluьna osь çalpь seвepterdjŋ өzj de tolьq çetkjljktj воlqan воlar edj. Al fransuz armiasьnьŋ вasьna tuatьn çalpь seвepterge вailanьstь воlьp tūrqan sәtsjzdjktjŋ mymkjndjgjn Suвiz siaqtь generaldardьŋ nacarlьqь kөвeite tystj. Al Suвiz gospoça Pompadurdьŋ arqasьnda qana lauazьmqa ie воlьp tūrqandьqtan, çetjçьldьq soqьstьŋ kezjnde jstjŋ вet alьsьn Fransiaqa qolaisьz tyrde әser etujn edәujr kyceitken çalpь seвepterdjŋ «faktorlarьnьŋ» вjrj markizanьŋ maqtancaqtьqь dep sanau qaçet.

Markiza de-Pompadur өz qaraвasьnьŋ kycjmen qūdjrettj воlqan çoq, erkjne вaqьndьrьp alqan korөldjŋ өkmetj arqьlь qūdjrettj воldь. Liudovik XV-nьŋ mjnezj Fransiadaqь qoqamdьq qatnastar damuьnьŋ çalpь вarьsь воiьnca sөzsjz воluqa tijstj tyrjndei воla aldьma? dep aituqa воlama. Çoq, вūl damudьŋ tap sol вarьsьnda onьŋ ornьna әielderge вasqaca qaraitьn, вasqa korөldjŋ воluь da mymkjn edj. Sent-Bev, вūl ycjn qaraŋqь, вaiqalmaitьn fiziologialьq seвepterdjŋ әserj de çetkjljktj воlar edj, dep aitqan воlar edj. Çәne onьŋ olai deuj dūrьsta воlar edj. Al eger solai воlsa, onda вūl qaraŋqь fiziologialьq seвepter çetj-çьldьq soqьstьŋ вarьsьna çәne tьnьmьna әser ete otьrьp, sonьmen qatar Fransianьŋ çetjçьldьq soqьstьŋ nәtiçesjnde kolonialarьnьŋ kөpcjljgjnen airьlmaqanda вasqaca воlatьn, jlgerj qarai damuьna da әser etken воlьp cьqadь. Mūndai qortьndь qoqamdьq damudьŋ zaŋdьlьqь turalь ūqьmqa qaicь kelmeime? degen sūrau tuadь.

Çoq, ecqandaida qaicь kelmeidj. Kөrsetjlgen retterde çeke adamdardьŋ erekceljkterjnjŋ әserj de sөzsjz воlatьnь siaqtь, ol әserdjŋ вelgjlj qoqamdьq çaqdailarda qana çyzege asatьnьnьŋ sөzsjzdjgj de onan kem emes. Ros. вaxta воlqan ūrьstan keijn fransuzdar Suвizdj çaqtap qamqorlьqqa alqan gospoça Pompadurdь mьqtap çek kөrdj.

* «Histoire de France», 4-ème édition, t. XV p. 520—521.

Gospoça, qorqьtьp balaqattap çazqan tolьpçatqan ədressjz qattardь kynsaiьn alьp tūrdь. Būl, gospoça Pompadurdь mьqtap-aq qoвalçьttь; ol ūiqь kermei çydep kettj.* Bjraq ol Suвizdj çaqtauьn toqtatqan çoq. Ol 1762 ç. Suвizqa çazqan qattarьnьŋ вjrjnde onьŋ senjmdj aqtai almaqanьn eskerte keljp вьlai deidj: «Qorьqpaŋьz, ecnərse etpeidj, men sjzdjŋ maqsattarьŋьz turalь əreket çasaimьn, sjzdj, korolmen tatulastьruqa tьrьsamьn».** Keresjzвe, gospaça Pompadur kepcjljktjŋ pjkjrjn tьŋdaqan çoq. Tьŋdamauьnьŋ seвeвj ne? Seвeвj, əlвette, sol kezdegj fransuz qoqamьnьŋ oqan tьŋdatarlьq mymkjndjgj вolmaqan вolu kerek. Al ol kezdegj fransuz qoqamьnьŋ mūnь jstei alamuьnьŋ seвeвj ne? Būl çenjnde ol qoqamqa kedergj keltjrgen, Fransianьŋ Sol kezdegj qoqamdьq kycterjnjŋ ara salmaqtarьna ez aldьna təueldj вolqan, sol qoqamnьŋ ūiьmь вoldь. Demek, Liudovik XV-nьŋ mjnezj çəne onьŋ favoritkasьnьŋ nəpsjsj Fransianьŋ daqdjrjne sondai qaiqьlь əser etuj, aqьr aiaqьnda, sol qoqamdьq kycterdjŋ ara salmaqьna вailanьstь вoldь. Eger əiel çьnьsь çenjnde ezgecc osaldьq çasaucь korel вolmai, koreldьŋ povarьnьŋ ne at вaqtacьsьnьŋ вjrj вolsa, onda ol osaldьqtьŋ ecqandai tarixi maŋьzь вolmas edj qoi. Būl çerde əŋgjme osaldьqta emes, sol osaldьq çasaucь adamnьŋ qoqamdьq ornьnda вolьp otьr-qoi, вūl aiqьn. Būl pjkjrlerdj çoqarьda keltjrjlgen вasqa misaldardьŋ вərjne de qoldanuqa вolatьnьn oqucь tysjnetjn вolar. Būl pjkjrlerdjŋ jcjnde ezgertuge çatatьnьn qana ezgertu kerek вoladь, misalь Fransianьŋ ornьna Reseidj, Suвizdjŋ ornьna Buturlindj çəne вasqalardь qoiuqa вoladь. Sondьqtan вjz olardь qaitalap çatpaimьz.

Seitjp, çeke adam ezjnjŋ вoiьna вjtkēn mjnezjnjŋ ezgeceljkterjnjŋ arqasьnda qoqamnьŋ daqdjrjne əser ete alatьn вolьp cьqtь. Keide əserj tjptj ete ylken вoladь, вjraq ondai əser etu mymkjncjljgjnjŋ ezj de, sol siaqtь, ol əserdjŋ az ne kep вoluь da qoqamnьŋ ūiьmь arqьlь, onьŋ kycterjnjŋ ara salmaqь arqьlь вelgjlenedj. Çeke adamnьŋ mjnezj qoqamdьq damudьŋ «faktorь» вoladь, вolqanda oqan qoqamdьq qatnastar mymkjncjljk вergen çerde qana, mymkjncjljk вergen kezde qana, çəne sol вerjlgen mymkjncjljktjŋ dəreçesjnde qana «faktor» вola aladь.

---

* Mémoires de madame du Haliffet» tь qara. Paris 1824, 181-вet.

** «Lettres de la marquise de Pompadour», dь qara, Londres 1772,t.I.

Bjzge, çeke əser etudjņ az ne kөp boluь, çeke adamnьņ talanttarьna da bailanьstь boladь dep eskertucjler bolar. Bjz mūnь maqūldaimьz. Bjraq çeke adam өzjnjņ talanttarьn çarьqqa сьqaruqa qaçettj qoqamdьq orьndь alsa qana, mjne sol kezde qana, өzjnjņ talanttarьn çarьqqa сьqara aladь. Fransianьņ daqdjrj, qoqamdьq qьzmetke ecqandai вeijmdjljgj çoq, çəne oqan qьzьqpaitьn adamnьņ, qolьnda вoluьnьņ sevevj ne? Sevevj, onьņ qoqamdьq ūiьmь sondal вoldь. Darьndь ne darьnsьz adamnьņ ylesjne tysetjn, ərвjr ol uaqьttaqь, rөl de, demek, qoqamdьq maņьz da sol ūiьm arqьlь вelgjlenedj.

Al eger çeke adamdardьņ rөlderj qoqamnьņ ūiьmь arqьlь вelgjlenetjn вolsa, olardьņ osь rөlderge вailanьstь вolqan qoqamdьq əserj qoqamdьq damudьņ zaņdьlьqь turalь ūqьmqa qalai qaicь keledj? Ol əserdjņ вūl ūqьmqa qaicь kelmeuj вьlai tūrsьn, qalta ol ūqьmdь naqьz aiqьn kөrsetetjn dəlelderdjņ вjrj вoladь.

Bjraq, вūl arada mьnanь eske alu kerek вoladь. Çeke adamdardьņ, qoqamnьņ ūiьmьna вailanьstь вolqan, qoqamdьq əser etu mymkjncjljgj qalqtardьņ tarixi daqdjrjne k e z d e i s o q t ь q degenderdjņ əser etujne çol acadь. Liudovik XV-nьņ qьzьqqa qūmartucьlьqь onьņ taвiqatьnan tuqan qaçettj nətiçe вoldь. Bjraq Fransianьņ damuьnьņ çalpь вarьsь çөnjnde onьņ вūl taвiqatь k e z d e i s o q nərse edj. Al solai вola tūrsada, өzjmjz kөrjp otьrmьz, onьņ qūmartucьlьqь Fransianьņ aldaqь kyngj daqdjrjne əser etpei qalqan çoq çəne sol daqdjrdj вelgjleitjn seвepterdjņ вjrj вoldь. Miraвonьņ өluj, ərine, tolьq zaņdь patologialьq protsesterdjņ saldarьnan вoldь. Bjraq вūl protsesterdjņ qaçettjljgj, tegj Fransianьņ damuьnьņ çalpь вarьsьnan tuqan çoq, ataqtь cecennjņ organizmjnjņ keiвjr çeke өzgeceljkterjnen çəne aurudь çūqtьrьp alqan kezjndegj fiziologialьq çaqdailardan tudь. Fransianьņ damuьnьņ çalpь вarьsь çөnjnde вūl өzgeceljkter men вūl çaqdailar k e z d e i s o q nərseler вolьp taвьladь. Al solai вola tūrsada, Miraвonьņ өluj revolutsianьņ aldaqь damuьna əser ettj çəne ol damudь вelgjleitjn seвepterdjņ вjrj вoldь.

Өte qiьn çaqdaidan Buturlinnjņ taвansьzdьqь arqasьnda qana сьqqan Fridrix II turalь çoqarьda keltjrjlgen misaldaqь kezdeisoqtьqtьņ əserj mūnanda kөrj taņdanarlьq. Buturlindj taqaiьndau tjptj Reseidjņ damuьnьņ çalpь вarьsь çөnjnde de, sөzdjņ вjz вergen maqanasьnda, kezdeisoq nərse

bolьp tabыladь, al Prussianьŋ damuьnьŋ çalpь barьsьna onьŋ taqaiьndalqanьnьŋ ərine, ecqandai qatьsь çoq. Al solai bola tursada, Buturlinnjŋ tabansьzdьqь Fridrixtь çantalasqan qiьndьq çaqdaidan qūtqardь degen pjkjr, orьnsьz pjkjr emes. Eger Buturlinnjŋ ornьnda Suvorov bolsa, onda, mymkjn, Prussianьŋ tarixь basqaca tyrde damьqan bolar edj. Səitjp, memleketterdjŋ daqdjrj keide, e k j n c j d ə r e ç e d e g j k e z d e i s o q t ь q dep atauqa bolatьn, kezdeisoqtьqtarqa bailanьstь bolьp cьqtь qoi. «In allem Endlichen ist ein Element des Zufälligen» — deidj Gegel (aqtьq nərsenjŋ bərjnde de kezdeisoqtьqtьŋ elementj bar). Qьlьmda bjz tek «aqtьq nərsemen» qana ainalьsamьz; sondьqtan qьlьmnьŋ zertteitjn protsesterjnjŋ bərjnde de kezdeisoqtьqtьŋ elementj bar deuge boladь. Būl qūbыlьstardь qьlьmi çolmen tanuqa mymkjncjljk bermei qoimai ma? Çoq. K e z d e i s o q t ь q-o t n o s i t e l d j k n ə r s e. Kezdeisoqtьq q a ç e t t j protsesterdjŋ tyijsetjn çerjnde qana boladь. Evropalьqtardьŋ Amerikaqa keluj Meksika men Perudьŋ qalqьna k e z d e i s o q nərse boldь, kezdeisoq bolqanda olardьŋ keluj būl elderdjŋ qoqamdьq damuьnan cьqqan çoq, mjne osь maqanada kezdeisoq nərse boldь. Bjraq orta qasьrlardьŋ aiaq kezjnde batьstьq evropalьqtarqa çaiьlqan, teŋjzge çyzuge qūmartucьlьq kezdeisoq nərse emes; çergjljktj qalqtьŋ qarsьlьq kərsetujn evropalьqtardьŋ kycj oŋai çeŋjp cьqqan çaqdaiь da kezdeisoq nərse emes. Evropalьqtardьŋ Meksika men Perudь çeŋjp aluьnan cьqqan nətiçeler de kezdeisoq emes, būl nətiçeler aqьr aiaqьnda qarama qarsь əser etetjn ekj kyc bolьp belgjlendj, bjrjncj çaqьnan, çeŋjp alьnqan elderdjŋ ekonomikalьq xalj, ekjncj çaqьnan, çeŋucjlerdjŋ ekonomikalьq xalj. Al ol ekj kyc, sol siaqtь olardьŋ qarama qarsь əser etetjn kycjde qataŋ tyrde qьlьmi zertteu çasaudьŋ jsj boluьna əbden çaraidь.

Çetjçьldьq soqьsta bolqan kezdeisoqtьqtar Prussianьŋ aldaqь tarixьna ylken əser ettj. Bjraq ol kezdeisoqtьqtar Prussia damuьnьŋ basqa stadiasьnda kez kelse, olardьŋ əserj mylde basqaca bolqan bolar edj. Kezdeisoqtardьŋ nətiçesj mūnda da ekj kyctjŋ: bjrjncj çaqьnan, Prussianьŋ saiasi-əleumettjk xaljmen, ekjncj çaqьnan, oqan ьqpal çasaqan evropalьq memleketterdjŋ saiasi-əleumettjk xaljnjŋ, qarama qarsь əser etetjn kyc bolьp belgjlendj. Demek, mūnda da kezdeisoqtьq qūbыlьstardь qьlьmi çolmen zertteuge ecqandai kedergj çasamaidь.

Qoqamnьŋ daqdjrjne çeke adamdardьŋ ylken əser etujnjŋ çlj bolьp tūratьnьn, bjraq bŪl əser etucjljk ol qoqamnьŋ jckj qŪrьlьsь arqьlь, ol qoqamnьŋ basqa qoqamdarmen qatьsь arqьlь belgjlenetjnjn bjz endj bjldjk. Bjraq çeke adamdardьŋ tarixtaqь rəlj tūralь məsele mŪnьmen əlj bjtjp qalmaidь. Bjz ol məselenj taqь basqa çaqьnan qarauьmьz kerek.

Sent-Bev bьlai dep oilaidь: onьŋ əzjnjŋ kərsetkenjndei Ūsaq çəne kyŋgjrt sebepter çetkjljktj bolьp tŪrqan kezde, fransuz revolutsiasьnьŋ tьnьmь bjz bjletjn tьnьmqa q a r a m a q a r s ь bolar edj, deidj. BŪl ylken qate, Ūsaq psixologialьq, fiziologialьq sebepter nendei de bolsa oidan cьqarqan cьrmaularmen, qiьstьrьlsada olar fransuz revolutsiasьn tuqьzqan qoqamdьq Ūlь mŪxtaçdardь ecqanqaida çoialmaqan bolar edj; al bŪl mŪxtaçdar qamtamasьz etjlmei tŪrqan kezde, Fransiada revolutsialьq qozqalьs toqtamaqan bolar edj. Ol qozqalьstьŋ tьnьmь, js çyzjnde bolqan tьnьmqa qarama qarsь bolu ycjn, bŪl mŪxtaçdardьŋ ornьna, olarqa qaramaqarsь mŪxtaçdar qoiu kerek bolar edj; al mŪnь, ərine, Ūsaq sebepterdj Ūctastьrudьŋ ecqaisьsь da, ecuaqьtta da jstei almaqan bolar edj.

Fransuz revolutsiasьnьŋ sebepterj q o q a m d ь q q a t n a s t a r d ь ŋ qasietterjne bailanьstь boldь, al Sent-Bevtьŋ çobalaqan Ūsaq sebepterj çeke adamdardьŋ ç e k e ə z g e c e l j k t e r j n e qana bailanьstь bola aladь. Qoqamdьq qatnastardьŋ soŋqь sebebj əndjrucj kycterdjŋ dəreçesjne bailanьstь boladь. Əndjrucj kycterdjŋ dəreçesj çeke adamdardьŋ çeke əzgeceljkterjne bailanьstь bolsa, ondai adamdardьŋ texnikanь çetjldjruge, çaŋalьq tabuqa, izobretenie çasauqa qabletj kəp ia az bolu maqanasьnda qana bailanьstь bŪlmaq. Sent-Bev mŪndai əzgeceljkterdj eskermedj. Al basqa tolьpçatqan əzgeceljkter əndjrucj kycterdjŋ dəreçesjne, demek, ol dəreçege bailanьstь qoqamdьq qatnastarqa, iaqni e k o n o m i k a l ь q q a t n a s t a r q a çeke adamdardьŋ tjkjlei əser etujn qamtamasьz ete almaidь. Çeke adamnьŋ əzgeceljkterj qandai bolqanmen, sol ekonomikalьq qatnastar əndjrucj kycterdjŋ sol dəreçesjne sai bolsa, ol adam bŪl ekonomikalьq qatnastardь çoia almaidь. Bjraq çeke adamnьŋ çeke əzgeceljkterj, ol adamdь sol ekonomikalьq qatnastardьŋ negjzjnde əsken qoqamdьq mŪxtaçdardь qamtamasьz etuge, nemese ondai qamtamasьz etucjljkke qarsь tŪruqa ne kəp, ne az çaramdь ete aladь. XVIII qasьrdьn alaq kezjndegj Fransia-

nьŋ өte qaçettj qoqamdьq mūxtaçь, eskjrgen saiasi mekemelerdjŋ ornьna, өzjnjŋ çaŋa ekonomikalьq qūrlьsьna kөвjrek sәikes keletjn, вasqa saiasi mekemeler ornatu вoldь. Ol kezdegj neqūrlьm kөrnektj çәne paidalь qoqamdьq qairatkerler вolьp taвьlqan adamdar, osь өte qaçet mūxtaçdь qamtamasьz etu ycjn çәrdemdesuge вasqalardьŋ вәrjnende kөrj qaвlettjljgj kyctjrek adamdar qana вoldь. Mūndai adamdar Miraвo, Roвespier çәne Bonapart вoldь deljk. Eger uaqьtsьz вolqan өljm Miraвonь saiasi saxnadan taidьrmaqan вolsa, ne вolqan вolar edj? Konstitutsialьq monarxia partiasь jrj kyctj ūzaqьraq uaqьt saqtap tūrqan вolar edj; sondьqtan onьŋ respuвlikacьldarqa qarsьlьq kөrsetuj kyctjrek вolqan вolar edj. Mjne tek osь qana. Ol kezde respuвlikacьldardьŋ çeŋujn ecqandai Miraвo çoqqa cьqara almadь. Miraвonьŋ вarlьq kycj oqan qalqtьŋ tjlektes вoluьna, senujne вailanьstь вoldь, al orda өzjnjŋ eskj tәrtjptj вarlьq kycjn salьp qorqauьmen qalqtь seskendjrgendjkten, qalq respuвlikaqa ūmtьldь. Eger qalq өzjnjŋ respuвlikaqa ūmtьluьna Miraвonьŋ tjlektes emes ekenjn вjlse-aq, qalqtьŋ өzj Miraвoqa tjlektes вoluьn qoiar edj, olai вolqan kynde ūlь cecen өzjnjŋ ьqpalьnьŋ qandaiьn вolsada derljk çoiqan вolar edj, al sonsьn ol өzj, toqtatam dep вosqa tьrьsqan qozqalьstьŋ qūrвandьqь вolqan вolar edj. Roвespier turalь da, camamen alqanda, osьnь aituqa вoladь. Ol өzjnjŋ partiasьnda mylde ornь tolmaitьn kyc edj deljk. Bjraq ol, qalai degenmen, partianьŋ вjrden-вjr kycj вolqan çoq qoi. Eger kjrpjctjŋ kezdeisoq ystjne qūlauь onь, aitaьq, 1793 çьldьŋ ianvarьnda өltjrgen вolsa, onьŋ ornьna kjmde-вolsa вasqa вjr adam вolar edj, вūl adam Roвespierden вarlьq çaqьnan da tөmen adam вolsa da, oqiqalar sol Roвespierdjŋ вar kezjndegj в a q ь t ī a çyre вergen вolar edj. Sөitjp, misalь, çirondister, mymkjn, вūl rette de çeŋjljsten qūtьla almaqan вolar edj; вjraq mymkjn, Roвespierdjŋ partiasь өkmetten вjraz uaqьt erterek airьlqan вolar edj, sөitjp вjz kәzjrde termidor reaksiasь turalь emes, florial, prerial nemese messidor reaksiasь turalь sөz qьlqan вolar edjk. Mymkjn, keiвjreuler, Roвespier өzjnjŋ qataŋ terrorizmj arqьlь өz partiasьnьŋ qūlauьn keceujldetken çoq, qalta tezdettj der. Bjz вūl arada ol pjkjrdj tergep çatpaiaq, tolьq ornьndь pjkjr degendei etjp qaвьl daimьz. Būl rette Roвespierdjŋ partiasь termidorda emes, fruktidordьŋ, ne vandemierdjŋ, ia вriumerdjŋ jcjnde qūlaqan вolar edj dep çoвalau kerek. Qьsqartьp aitqanda, ol partia mymkjn erterek qūlar edj, mymkjn kecjrek qūlar edj,

вjraq qalai degenmen səzsjz qūlaqan вolar edj, əitkenj qalqtьŋ ol partia syiengen sloiь ūzaq uaqьt ystemcjljk qūrьp tūruqa tegj daiьn emes edj. Qalai degenmen, Roвespierdjŋ çjgerlj tyrde çərdem etujnde вolqan nətiçelerge «qarama-qarsь» nətiçelerdjŋ вoluь turaьь səz qьluqa da mymkjn вolmas edj.

Bonapart, aitaьq, Arkoldaqь ūrьsta oqqa ūcqan kynde de, ondai qarama qarsь nətiçeler вolmaqan вolar edj. Bonaparttьŋ italia çəne əzge çorьqtarda jstegenjn, вasqa generaldarda jster edj. Olar, mymkjn, onьŋ kərsetken talanttarьndai talant kərsete almaqan вolar edj, ondai tamaca çeŋjsterge çete almaqan вolar edj. Bjraq degenmen, fransuz respuвlikasь ol kezdegj əzjnjŋ soqьstarьnda çeŋjp cьqqan вolar edj, əitkenj onьŋ soldattarь evropaьq soldattardьŋ вərjnen de əlceusjz kyctj edj. Al 18 вriumera men onьŋ Fransiaьŋ jckj tūrmьsьna çasaqan əserjne kelsek, mūnda da oqiqalardьŋ çalpь вarьsь men tьnьmь t y p k j m ə n j s j n d e, mymkjn, Napoleonnьŋ tūsьndaqьdai вolar edj. 9 termidorda sjleie çeŋjlgen respuвlika, вjrtjndep вarьp əljp çoq вoldь. Çoqarqь soslovialardьŋ ystemdjgjnen qūtьlqan вurçuaziaьŋ, endj вasqalardan kərj kəвjrek tjlegen tərtjвjn direktoria qaita qalpьna keltjre almadь. Tərtjptj qaita qalpьna keltjru ycjn, Sies aitqandai, «ç a q s ь s e m s e r» kerek вoldь. Alqacqьda, igjljktj semserdjŋ rəljn general Çurdan atqaradь dep edj, al ol Novida əlgennen keijn, Moro turaьь, Makdonald turaьь, Bernadotte turaьь səz вola вastadь.* Bonopart turaьь əŋgjme keijn qozqaldь; al eger ol Çurdan siaqtь əlgen вolsa, ol turaьь ecqandai səz вolmas edj, alqa вasqa вjr «semser» ūsьnьlqan вolar edj. Oqiqalardьŋ arqasьnda diktator dəreçesjne kəterjlgen adam, çolьnda kedergj вolucьlardьŋ вərjnde çjgerlj tyrde ьqьstьrьp, aiausьz taptap əkmetke çetuge əzj talmastan kyc saluqa tijstj, вūl əz-əzjnen tysjnjktj nərse. Bonaparttьŋ çjgerj orasan kyctj вoldь, çəne ol əzjnjŋ maqsattarьna çetu ycjn ecnərsenj de aiamai qimьldadь. Bjraq ol kezde onan вasqada çjgerlj, talanttь çəne ataq syigjc egoister az вolqan çoq. Napoleonnьŋ otьrqan orпь, əlвette, вos qalmaqan вolar edj. Ol orьnqa вəten вjr general qoiь çetken вolsa, ol Napoleonnan gərj tьnьctьq syigjc вolar edj, Bykjl Evropaпь əzjne qarsь kətermegen вolar edj, sondьqtan qasiettj Elena araььnda əlmei Tiuleride əlgen вolar edj, deljk. Onda Burвondar tegj

* Le vie en France sous le premier Empire par le vicomte de Broc, Paris 1895, pp. 35—36 çəne keijngj betjerj.

Fransiaqa qaitpaqan bolar edj; olarqa mündai natiçe, arine, js çyzjnde bolqan natiçege «q a r a m a q a r s ь» bolqan bolar edj. Bjraq Fransianьп bykjl jckj türmьsьna, ol natiçenjп js çyzjnde bolqan natiçeden aiьrmacьlqь az bolar edj. «Çaqsь semser» tərtjptj qaita ornatьp, burçuazianьп ystemdjgjn qamtamasьz etkensoп, kөp üzamal-aq өzjnjп kazarmalьq adetterjmen, өzjnjп despotizmjmen burçuazianь çirendjrgen bolar edj. Restavratsia kezjndegjdei, liberaldьq qozqalьs bastalqan bolar edj, kyres bjrden-bjrge өrci tyser edj, al «çaqsь semserlerde» ustupka çasau mjnezj bolmaidь, sondьqtan igj Lui-Filipp өzjnjп sьpaiь syietjn tьsqandarьnьп taqьna 1830 çьl emes, 1820 çьlь, ne 1825 çьlь otьrqan bolar edj. Oqiqalardьп barьsьndaqь osьndai barlьq өzgerjster Evropanьп aldaqь saiasi türmьsьna, sol arqьlь ekonomikalьq türmьsьna bjrsьpьralap әser etken bolar edj. Bjraq qalai degenmen, revolutsialьq qozqalьstьп typkj tьпьmь, js çyzjnde bolqan tьпьmqa ecqandai rette de «qarama qarsь» bolmaqan bolar edj. Ьqpaldь adamdar өzjnjп aqьlьпьп çәne mjnezjnjп өzgeceljkterj arqasьnda o q i q a l a r d ь п ç e k e f i z i o n o m i a s ь n ç ә n e o l a r d ь п k e l b j r ç e k e n ә t i ç e l e r i n өzgerte aladь, bjraq olar oqiqalardьп, basqa kycter arqьlь belgjlenetjn, çalpь baqьtьn өzgerte almaidь.

## VII

Onan basqa taqь mьnanь eskeru kerek. Ülь adamdardьп tarixtaqь rөlj turalь әпgjme qьlqanda, bjz әrqacanda derljk keibjr kөz aldanucьlьqqa qürbandьq bolamьz, münь oqucьlarqa eskertu kerekboladь.

Qoqamdьq tәrtjptj saqtaucь «çaqsь semserdjп» rөljn atqara otьrьp, Napoleon sonьmen qatar ol rөlden basqa generaldardь taidьrьp cьqardь, bülardьп bjrsьpьrasь ol rөldj mymkjn Napoleonnьп өzjndei etjp, nemese soqan taiau atqarqan bolar edj. Çjgerlj soqьs bastьqь çөnjndegj qoqamdьq müxtaç qamtamasьz etjlgensoп, qoqamdьq üiьm basqa soqьs talanttarьnьп soqьs bastьqь bolu ornьna çetu çolьna kedergj saldь. Qoqamdьq üiьmьnьп kycj ol siaqtь basqa talanttardьп çarьqqa cьquьna qolaisьz kyc boldь. Mjne osьnьп arqasьnda barьp, bjz aitьp otьrqan kөz aldanucьlьq cьqadь. Napoleonnьп qarabasьnьп kycj bjzge өte ylkeijp kөrjnedj, өltkenj bjz onь üsьnqan çәne qoldaqan qoqamdьq kycterdjп

вәrjn, sonьn̡ qaraвasьnьn̡ kycjne aparьp tan̡aimьz. Onьn̡ qara вasьnьn̡ kycj mylde erekce вjr nərse siaqlь вolьp kərjnedj, əitkenj вasqa, oqan ūqsas kycter mymkjncjljk tyrjnen çyzege asu tyrjne ainala almadь. Al вjzge: eger Napoleon вolmasa, ne вolqan вolar edj, dese, вjzdjn̡ oiьmьz catasadь çəne вjzge, onьn̡ kycj men ьqpalьna tjrek вolqan qoqamdьq qozqalьstьn̡ вarj de, onsьz mylde вola almaitьn siaqtь вolьp kərjnedj.

Adam вalasьnьn̡ aqьl oiьnьn̡ damuь tarixьnda, вjr adamnьn̡ çetjstjgj ekjncj adamnьn̡ çetjstjgjne kedergj voluь əlde qaida sirek. Bjraq mūnda da вjz çoqarqь kərsetjlgen kəz aldanucьlьqtan qūtьla almaimьz. Qoqamnьn̡ sol xalj onьn̡ oi kycjmen cūqьldanucь adamdarьnьn̡ aldьna вelgjlj mjndetterdj qoiqan kezde, ol mjndetter cecjljp вolqanqa deijn əzderjne kerektj aqьldь adamdardьn̡ nazarьn audaradь. Al eger olar вūl mjndetterdj cecse, olardьn̡ nazarь вasqa mjndetke audarьladь. Sol talant A, mjndettj cecujmen qatar, talant B nьn̡ nazarьn ol cecjljp вolqan mjndetten вasqa mjndetke audaradь. Eger sjzden X mjndettj A cecjp вolmai əlse, ne вolqan вolar edj dep sūrasa, вjz qoqamnьn̡ aqьl oiь damuьnьn̡ arqauь yzjler edj dep çova qьlamьz. A əlgen kynde mjndettj cecuge B nьn̡, ne G nьn̡, ne D nьn̡ kjrjsetjnjn, səitjp, A uaqьtsьz əlgenmen, aqьl oi damuьnьn̡ arqauь вytjn qala alatьnьn вjz ūmьtamьz.

Belgjlj tyrde talantь вar adam, sol talantьnьn̡ arqasьnda oqiqalardьn̡ вarьsьna ylken ьqpal çasarlьqtai вolu ycjn, ekj carttьn̡ вoluь kerek. Bjrjncjden, onьn̡ talantь sol zamannьn̡ qoqamdьq mūxtaçdarьna вasqalardan kərj onь kəвjrek səikes etuj kerek: eger Napoleonda əzjnjn̡ soqьs çənjndegj danalьqьnьn̡ ornьna, Betxovennjn̡ muzikalьq darь вolsa, onda ol, ərine, imperator вolmaqan вolar edj. Ekjncjden, tap sol kezde qaçet çəne paidalь əzgeceljgj вar adamnьn̡ çolьna sol kezdegj qoqamdьq qūrlьs kedergj çasamauь kerek. Eger eskj tərtjp Fransiada taqь вjr çetpjsвes çьl artьq əmjr syrse, onda tap sol Napoleon, dan̡qь camalь Buonaparte deitjn general ia polkovnik вolьp-aq əmjrjn ətkjzgen вolar edj.* 1789 çьlь Davu, Deze, Marmon çəne Makdonald p o d.

* Mymkjn onda Napoleon Reseige kelgen вolar edj, mūnda ol, revolutsianьn̡ aldьnda вjr az çьl вūrьn kelgjsj kelgen вolatьn. Mūnda ol, вəlkjm, tyrjkterge ne kavkaz gortsalarьna qarsь çasalqan soqьsta qairatьn, erekceljgjn kərsetken вolar

porucik воldь; Bernadott — s e r ç a n t - m a i o r; Goc, Marso, Lefevr, Picegriu, Nei, Massena, Miurat, Sult, — u n t e r-o f i t s e r; Oçero — f e x t o v a n i a n ь y i r e t u c j воldь; Lann — y i s ь r l a u c ь; Guvion Sen-Sir — a r t i s; Çurdan — q a t t a s u c ь; Bessier — p a r i k m a x e r; Brium — ə r j p t e r u c j; Çuвer men Çiuno — z a ꞑ f a k u l t e t j n j ꞑ s t u d e n t j; Kleвer — a r x i t e k t o r воldь; Martie revolutsiaqa deijn soqьs qьzmetjne kjrgen çoq.*

Eger eskj tərtjp вjzdjꞑ zamanьmьzqa deijn өmjr syrjp kelse, artis, ərjp terucj, parikmaxer, yi sьrlaucь, zaꞑ fakultetjnjꞑ oqucьsь, qat tasucь çəne fextovanianь yiretucjlerdjꞑ вjrsьpsьrasь өtken qasьrdьꞑ aiaq kezjnde Fransiada soqьs talanttarь воlu mymkjncjljgj kəzjr вjzdjꞑ qaisьmьzdьꞑ воlsa da oiьmьzqa kelmegen воlar edj.**

Stendəl вьlai dedj: Titsianmen вjrge tuqan, iaqni 1477 çьlь tuqan adam, 1520 ç. өlgen Rafaelmen çəne 1519 ç. өlgen Leonardoda-Vincimen 40 çьl вjrge өmjr syrgen воlar edj, 1534 ç. өlgen Korredçiomen çəne 1563 çьlqa deijn воlqan Mikel-Andçelomen kөp çьldardь вjrge өtkjzgen воlar edj, Dçiordçioni өlgen kezde onьꞑ çasь otьztөrtten artьq воlmas edj, ol Tintoretto, Bassano, Veroneze, Iuli Romano çəne Andri del-Sartolarmen tanьs воlar edj; вjr sөzвen aitqanda ol ūlь çivopiscjlerdjꞑ, вytjn вjr qasьr keijn cьqqan Bolonski ckolasьna qaraitьndarьnan вasqalarьnьꞑ вərjne de zamandas воlar edj, deidj.*** Tap sol siaqtь, Voluermanmen вjr çьlda tuqan adam Gollandianьꞑ ūlь çivopiscьlarьnьꞑ вarlьqьn derljk kөzjmen kөrgen воlar edj**** al Cekspirdjꞑ qūrda-

---

edj, вjraq mūnda, ol вicara, вjraq qaвlettj ofitserdjꞑ qolaiьь çaqdai tuqan kezde, çer çyzjnjꞑ gospodinj воladь dep eckjm de oilamaqan воlar edj.

* Histoire de France par V. Duruy, Paris 1893, II, pp, 524 — 25.

** Liudovik XV-nьꞑ tūsьnda ycjncj sosloviadan general-leitenant cenjne deijn kөterjlgen çalqьz Cever qana воldь. Liudovik XVI-nьꞑ tūsьnda soqьs çənjndegj lauazьmdь qolьna tysjru, вăl soslovianьn admdarьna вūrьnqьdan da qiьn воldь, Rambeaud. Histoire de la civilisation française sixie'me edition, t. II, p. 226 nь qara.

*** Histoire de la Peinture en Italie, Paris 1899, pp. 23 — 25

**** Terburg, Brouner çəne Remвrandtar 1608 ç. tudь; 1610 ç. Adrian Van-Ostade men Ferdinand Bol tudь; 1615 — Van-der-Gelst men Çerar-Dou; 1620 — Vouermann; 1621 — Verniks, Everdingen çəne Painaker;

sь, tolьp çatqan tamaca dramaturgtermen вjrge өmjr syrgen вolar edj* dep, aituqa воladь.

Talanttardьŋ өsujne qolailь qoqamdьq çaqdailar воlqan çerde, talantlar әr çerde de, әrqacanda paida воladь, degen pjkjr aldaqacan aitьlqan воlatьn. Bûl js çyzjnde çarьqqa сьqqan, iaqni qoqamdьq кyc воlqan talanttardьŋ qaisьsь воlsada qoqamdьq qatnastardьŋ çemjsj воlьp taвьladь, degen sөz. Al eger вûl osьlai воlatьn воlsa, talanttь adamdardьŋ, вjzdjŋ çoqarьda aitqanьmьzdai, oqiqalardьŋ çalpь вaqьtьn өzgerte almai, tek çeke fiziоnomiasьn qana өzgerte alatьnьnьŋ seвeвj tysjnjktj; olardьŋ өzderj sondai, вaqьttьŋ arqasьnda өmjr syredj; eger ol вaqьt воlmasa, olar mymkjncjljk pen js çyzjne asusьlьqtь вөljp tûrqan taвaldьrьqtь ecqacanda da attai almaqan воlar edj.

Talanttьŋ da talantь воlatьndьqь өzjnen өzj tysjnjktj nәrse. «Sivilizatsianьŋ damuьnda çasalqan çaŋa qadam өmjrge iskusstvonьŋ çaŋa tyrjn kerek etken kezde,—dep Ten orьndь aitadь,—qoqamdьq pjkjrdj tolьqьnan kөrsetjp, kөksei alatьn вjr ia ekj dәnjcpannьŋ tөŋregjnde, qoqamdьq pjkjrdj tek çartьlai qana kөrsetjp, kөksei alatьn ondaqan talanttar keljp сьqadь.»** Eger Italianьŋ saiasi-әleumettjk çәne ruxani damuьnьŋ çalpь вarьsьna вailanьstь воlmaqan keiвjr mexanikalьq ia fiziologialьq seвepter Rafaeldj, Mikel-Andçelonь çәne Leonardo-da-Vincidj tjptj вala kezjnde-aq өltjrgen воlsa, Italianьŋ iskusstvosь kemjrek çetjlgen воlar edj, вjraq onьŋ Vozroçdenia zamanьndaqь çalpь вaqьtь sol kyijnde qalar edj. Rafael, Leonardo-da-Vinci çәne Mikel-Andçelo ol вaqьttь çasaqan çoq: olar sol вaqьttьŋ tek çaqsь kөrsetucjlerj, kөkseucjlerj qana воldь. Ras, dәnjcpan adamnьŋ tөŋregjnde, daqdьda, вytjn ckola paida воladь çәne onьŋ cәkjrtterj ûstazьnьŋ tjptj өte ûsaq әdjs—tәsjlderjn de yirenjp aluqa tьrьsadь; sondьqtan

---

1624—Bergem; 1629—Paul Potter; 1626—Jәn Steen; 1630—Riusdel men Metsu 1637—Van-der Geiden 1638—Goввema; 1639—Arian Van-der Velde tudь.

* «Вjr uaqьtta, ne вjrjnjŋ artьnan вjrj сьqqan Cekspir, Biumont, Eletcer, Dçonson, Uebster, Messindçer, Ford, Middelton çәne Geivudter өzderjne tuqan qolailь çaqdaidьŋ arqasьnda, aldaqь өtken вuьndardьŋ kycterjmen daiarlanqan negjzde tamaca gyldengen çaŋa вuьn воldь. Ten, «Histoire de la littérature anglaise», Paris 1863, t. I, p. 468.

** Ten, Histoire de la Littératura anglaise», Paris 1863, t. 1, p. 5.

Vozroçdenia zamanьndaqь Italia iskusstvosьnьŋ, Rafael, Mikel-Andçelo çəne Leonardo-da-Vincilerdjŋ erte əljp ketu saldarьnan kemcjljkter qalqan bolsa, ol iskusstvonьŋ aldaqь tarixьnda tolьpçatqan ekjncj dəreçedegj talanttarqa kyctj əser etken bolar edj. Bjraq, eger qandaida bolsa-bjr çalpь sebeptermen Italianьŋ ruxani damuьnьŋ çalpь barьsьna qandaida bolsa-bjr məndj əzgerjs bolьp qalmasa, ol iskustvonьŋ aldaqь tarixь negjzdj tyrj de əzgermegen bolar edj.

Bjraqta, san çənjndegj aiьrmacьlьqtardьŋ, aqьrьnda, sapa çənjndegj aiьrmacьlьqtarqa ainalatьnь belgjlj qol. Būl qai çerde bolsada dūrьs, demek, tarixta da dūrьs. Eger çaqdailardьŋ qolaisьz qьrlarь, iskusstvonьŋ kəkseucjsj bola alatьn bjrsьpьra talanttь adamdarьn, bjrjnjŋ soŋьnan bjrjn alьp ketjp, çoqalta berse, onda iskusstvonьŋ ol aqьmь azdь-kəptj tamaca qalьpta mylde çarьqqa cьqarьlmai qala berui mymkjn. Bjraq, eger ol aqьm çaŋa talanttardь cьqaruqa tereŋdjk etbeitjn bolsa qana, anadai adamdardьŋ uaqьtsьz əljp ketuj būl aqьmnьŋ kərkemdjgj əsujne kedergj bola aladь. Al ədebiettegj çəne iskusstvodaqь ərbjr sol baqьttьŋ tereŋdjgj onьŋ tapqa ne sloiqa, tap, sloi bolqanda onьŋ tjlegjn əzj kərsetetjn tap ne sloiqa maŋьzь boluь arqьlь, ol taptьŋ ne sloidьŋ qoqamdьq rəlj arqьlь belgjlenetjn bolqandьqtan, mūnda jstjŋ bərj de, aqьr aiaqьnda, qoqamdьq damudьŋ barьsьna qoqamdьq kycterdjŋ ara salmaqьna bailanьstь.

## VIII

Səitjp, bascь adamdardьŋ çeke əzgeceljkterj tarixi oqiqalardьŋ çeke fizionomiasьn belgjleidj, kezdeisoqtьqtьŋ elementj, çoqarqь bjz kərsetken maqanada, būl oqiqalardьŋ barьsьnda, barьsь bolqanda aqьr aiaqьnda çalpь sebepter dep atalatьndar arqьlь belgjlenetjn, iaqni cьndьqьnda əndjrucj kycterdjŋ damuь arqьlь, əndjrjstjŋ qoqamdьq-ekonomikalьq protsesjndegj adamdardьŋ əzara qatnastarь arqьlь belgjlenetjn barьsьnda ərqacanda da, keibjr rəl atqaradь. Kezdeisoq qūbьlьstar men kərnektj adamdardьŋ çeke əzgeceljkterj tereŋde çatqan çalpь sebepterden gərj əlde qaida tez baiqalьp tūradь. Onsegjzjncj qasьr būl çalpь sebepterge çəndj kəŋjl bəlgen çoq, tarixtь, tarixi qairatkerlerdjŋ sanalь tyrde jstegen jsterjne çəne «qūmartularьna» bailanьstь dep tysjndj. Ol qasьrdьŋ filosoftarь, — naqьz bolmacь sebepterdjŋ əserjnen, misalь qandaida-bolsa bjr basqarucь adamnьŋ

ʙasьnda qandaida-ʙolsa ʙjr «atomnьꞑ» tentektenujnjꞑ saldarьnan tarix mylde ʙasqa çoldarmen dami aladь, dep sanadь. (Systeme de la Nature de talai aitьlƣan pjkjr).

Tarixi ƣьlьmdaƣь çaꞑa ʙaƣьttь çaqtaucьlar, tarix, ɵzjnjꞑ js çyzjndegj ʙarьsьnan ʙasqaca tyrde dami almaitьndьƣьn, ecqandai «atomdarƣa» ʙaƣьnʙaitьndьƣьn dəleldedj. Olar çalpь seʙepterdjꞑ əserjn ʙolƣanьnca kyctj kɵrsetuge tьrьstьda, tarixi qairatkerlerdjꞑ çeke ɵzgeceljkterjnjꞑ maꞑьzьna kɵꞑjl ʙɵlmedj. Olarca, ʙjr adamdardьꞑ ornьna olardan gɵrj ia az, ia kɵp qaʙlettj ʙasqa adamdardьꞑ ʙoluьnan tarixi oqiƣalar zəredeide ɵzgermeitjn ʙolьp, сьƣadь.* Eger ondai pjkjrdj qaʙьldaitьn ʙolsaq, onda ʙjz sɵzsjz mьnanь moiьndauьmьz kerek: t a r i x t a  ç e k e  e l e m e n t t j ꞑ  t j p t j  e c q a n d a i  m a ꞑ ь z ь çoq, tarixta ʙolatьnnьꞑ ʙərj de çalpь seʙepterdjꞑ, tarixi qozƣalьstьꞑ çalpь zaꞑdarьnьꞑ əserjnen ʙoladь, dep moiьndauьmьz kerek. Būl olarƣa qarama-qarsь kɵzqarastaƣь сьndьqtьꞑ ʙɵlcegjne ecqandai orьn qaldьrmaitьn, tьm cetke сьƣucьlьq ʙoldь. Mjne dəl sondьqtan, olarƣa qarama-qarsь kɵzqarastьꞑ ɵmjr syrujne ʙjrsьpьra pravosь ʙoldь. Būl ekj kɵzqarastьꞑ qaƣьsuь antinomialьq tyrge tystj, onьꞑ ʙjrjncj mycesj çalpь zaꞑdar ʙoldь da, ekjncj mycesj çeke adamdardьꞑ jsj ʙoldь. Antinomianьꞑ ekjncj mycesjnjꞑ kɵzqarasьnca, tarix kezdeisoqtьqtardьꞑ çai ƣana tjzʙegj ʙolьp taʙьldь, ʙjrjncj mycesjnjꞑ kɵzqarasьnca, tarixi oqiƣalardьꞑ tjptj çeke ʙelgjlerj de çalpь seʙepterdjꞑ əserjnen ʙolatьn ʙolьp сьqtь. Al eger oqiƣalardьꞑ çeke ʙelgjlerj çalpь seʙepterdjꞑ əserjnen ʙolatьn ʙolsa, tarixi qairatkerlerdjꞑ çeke qasietterjne ʙailanьstь ʙolmaitьn ʙolsa, onda, ʙūl ʙelgjler ç a l p ь  s e ʙ e p t e r  a r q ь l ь  ʙ e l g j l e n e t j n çəne ol qairatkerler qalai almasьp çatsa da, ecqandai ɵzgermeitjn ʙolьp сьƣadь. Sɵitjp teoria f a t a l i s t j k sipatqa enedj.

Onьꞑ dūcpandarь mūnь aꞑƣarusьz qaldьrƣan çoq. Sent-Bev Minienjꞑ tarixi kɵzqarastarьn Bossiuenjꞑ tarixi kɵzqarastarьmen salьstьrdь. Bossiue tarixi oqiƣalardь çasaitьn kyc çoƣarьdan keledj, oqiƣalar qūdaidьꞑ erkjmen ʙoladь, dep oiladь. Minie ʙūl kyctj tarixi oqiƣalarda çaratьlьskycjnjꞑ qataldьƣьna, ʙerjktjgjne qarsь сьƣatьn adamnьꞑ qūmartularьnan jzdedj. Bjraq olardьꞑ ekeujnde tarixqa,

* Iaqni olar tarixi oqiƣalardьꞑ zaꞑdьlьƣь turalь sɵz qьlƣanda osьlai, ʙolьp сьƣadь. Al olardьꞑ ʙjrsьpьrasь ʙūl qūʙьlьstardь çaiƣana surettegen kezde, olar çeke elementke kɵʙjnese asьra maꞑьz ʙeredj.

ecqandai rette de basqaca bola almaitьn qūвьlьstardьŋ tjzвegj dep qaradь; olardьŋ ekeujde—fatalist; вūl çəndе filosof djnl adamqa çaqьn (le philosophe se rapproche du prêtre).

Mūndai kjnə taqu, qoqamdьq qūвьlьstardьŋ zaŋdьlьqь turalь qьlьm kərjnektj tarixi qairatkerlerdjŋ çeke əzgecelikterjnjŋ oqiqalarqa əser çasauьn nulge teŋegen kezge deijn orьndь bolьp keldj. Al вūl kjnə taqudьŋ sonьmen qatar neqūrlьm kyctj əser tuqьzuqa tijstj bolqan seвeвj sol — onsegjzjncj qasьrdьŋ tarixcьlarь men filosoftarь siaqtь, çaŋa ckolanьŋ tarixcьlarь da tarixi qozqalьstьŋ вykjl ç a l p ь s e в e p t e r j eŋ çoqarqь orьnda tūrqan a d a m ç a r a t ь l ь s ь n a n сьqadь çəne soqan вaqьnadь dep sanadь. Tarixi oqiqalar çalqьz adamdardьŋ s a n a l ь jsterjne qana вailanьstь вolmaitьndьqьn fransuz revolutsiasь kərsetkensoŋ, Minie, Gizo çəne sol вaqьttaqь вasqa oqьmьstьlar вjrjncj planqa, kəвjnese ecqandai sananьŋ kontrəljn tьŋdamaitьn, q ū m a r t u l a r d ь ŋ əserjn ūsьndь. Al eger tarixi oqiqalardьŋ eŋ soŋqь, naqьz çalpь seвepterj qūmartu bolatьn bolsa, — fransuz qalqьn, əzjn itermelegen qūmartularqa qarama-qarsь bolqan qūmartularmen sendjre alatьn qairatkerler taвьlsa, fransuz revolutsiasьnьŋ tьnьmь вjz вiletjn tьnьmqa qarama qarsь вolar edj dep sanaqan Sent-Bevtьŋ pjkjrj nege dūrьs вolmaidь? Minie вьlai degen вolar edj, onьŋ seвeвj: adam çaratьlьsьnьŋ əzjnjŋ qasietterj вoiьnca, ol kezde fransuzdardь вasqa qūmartular itermelei almadь. Belgjlj maqanada вūl dūrьsta вolar edj. Bjraq вūl dūrьstьqtьŋ kyctj dəreçede fatalistjk sarьnь вolqan вolar edj, əitkenj вūl dūrьstьq, adam вalasьnьŋ tarixь egçei-tegçeilerjne ceijn adam çaratьlьsьnьŋ ç a l p ь qasietterj arqьlь kyn jlgerj вelgjlenjp qoiьladь degen ereçemen вjrdei вolar edj. Вūl arada fatalizm ç a l p ь n ь ŋ j c j n d e ç e k e n j ŋ çoqalьp ketujnjŋ nətiçesj вolьp taвьlar edj. Cьndьqьnda da, fatalizm ərqacanda da osь siaqtь çoqaludьŋ nətiçesj вoladь. «Eger qoqamdьq qūвьlьstardьŋ вərj de qaçettj вolatьn вolsa, вjzdjŋ isjmizdjŋ ecqandai maŋьzь вola almaidь», deucjler вar. Вūl dūrьs pjkjrdjŋ, вūrьs formulirovkasь вolьp taвьladь. Eger вarlьq is ç a l p ь arqьlь jsteletjn вolsa, onda ç e k e n j ŋ, onьŋ jcjnde menjŋ kyc saluьmnьŋ ecqandai maŋьzь вolmaidь, deu kerek. M ū n d a i qortьndь dūrьs, tek onьmen dūrьs paidalanвaidь. Tarix çaiьndaqь osь kezdegj materialistjk kəzqaras çənjnde вūl kəzqarasta ç e k e g e de orьn вar, ol qortьndьnь qoldanudьŋ ecqandai maqanasь çoq. Bjraq, restavratsia zamanьn-

daqь fransuz tarixcьlarьnьŋ kəzqarastarь çənjnde qoldanu da, ol qortьndь dəleldj edj.

Kəzjrgj kezde adamnьŋ çaratьlьsьn, tarixi qozqalьstьŋ eŋ soŋqь, naqьz çalpь sebebj dep sanauqa tjptj bolmaidь, əitkenj: eger adam çaratьlьsь türaqtь bolsa, onda ol tarixtьŋ əte əzgergjc barьsьn baqьndьra almaidь, al eger adam çaratьlьsь əzgermelj bolsa, onda onьŋ əzgerujnjŋ əzj, ərine, tarixi qozqalьsqa bailanьstь bolu kerek. Kəzjrgj kezde adam balasьnьŋ tarixi qozqalьsьnьŋ eŋ soŋqь, naqьz çalpь sebebj əndjrucj kycterdjŋ damuь dep tanu kerek boladь; adamdardьŋ qoqamdьq qatьnastarьndaqь bjrtelep əzgerucjljkterde sol əndjrucj kycterge bailanьstь. Bül çalpь sebeptermen qatar, əzgece sebepter de, basqaca aitqanda, sol qalqtьŋ əndjrucj kycterjnjŋ damuь çyzege asьp otьratьn tarixi çaqdai da əser etedj; bül tarixi çaqdaidьŋ əzj de eŋ soŋqь rette basqa qalqtardaqь sol kycterdjŋ damuь arqьlь, iaqni sol çalpь sebepter arqьlь çasalqan boladь.

Aqьrьnda, əzgece sebepterdjŋ ьqpalь, çeke sebepterdjŋ, iaqni qoqamdьq qairatkerlerdjŋ çeke əzgeceljkterjnjŋ çəne basqa «kezdeisoqtardьŋ» əser etuj arqьlь tolьqtьrьladь; osьnьŋ arqasьnda, oqiqalar arqasьnda barьp, əzjnjŋ çeke fizionomiasьna tysedj. Çeke sebepter çalpь sebepter men əzgece sebepterdjŋ əserjne negjzgj əzgerjster kjrgjze almaidь; onьŋ ystjne ol sebepter çeke sebepterdjŋ ьqpal çasauьnьŋ baqьtьn çəne məlcerjn belgjleidj. Bjraq degenmen, eger tarixqa əser çasaucь sebepterdjŋ ornьna, sol rettegj basqa sebepter bolsa, tarixtьŋ fizionomiasьnьŋ basqaca boluь dausьz.

Mono men Lamprext osь kynge deijn adam çaratьlьsь çənjndegj kəzqarastь çaqtaidь. Lamprext, əzjnjŋ oiьnca: tarixi qübьlьstardьŋ negjzgj sebebj — əleumettjk psixika ekenjn qataŋ tyrde, san ret aittь. Bül ylken qate pjkjr, mündai qate pjkjrdjŋ arqasьnda, qoqamdьq əmjrdjŋ barlьq çiьnьn esepke alu çənjndegj əz-əzjnen maqtancaqtьq tjlek, mazmünsьz kəpjrme bolsa da eklektizmge qana nemese — barьnca tabandь bolqan — aqьlmen sezjmjnjŋ salьstьrmalь maŋьzь çaiьndaqь Kablitstьŋ pjkjrlerjne qana aparьp soqa aladь.

Əzjmjzdjŋ qolqa alqan məselemjzge qaita oralaiьq. Ülь adamnьŋ ülьlьqь onьŋ çeke əzgeceljkterjnjŋ ülь tarixi oqiqalarqa çeke fizionomia berujnde emes, onda çalpь çəne əzgece sebepterdjŋ ьqpal çasauьnan tuqan, əzjnjŋ zamanьn-

daqь ûlь qoqamdьq mûxtaçdar ycjn qьzmet etuge onь ɵteməte beijm etetjn ɵzgeceljkterjnjŋ bolubnda. Erler turasьndaqь ɵzjnjŋ belgjlj cьqarmasьnda Karleil ûlь adamdardь bastaucьlar (Beginners) dep ataidь. Bûl ɵte orьndь at ûlь adam naq bastaucь bolьp tabьladь, ɵitkenj ol basqalardan gɵrj tereŋjrek kɵredj çəne basqalardan gɵrj kyctjrek tjleidj. Ol qoqamnьŋ ruxani damubnьŋ aldьŋqь satьsьnьŋ kyn tərtjbjne qoiqan, qьlьmdьq mjndetterdj cecedj; ol qoqamdьq qatnastardьŋ aldьŋqь damubnьŋ tuqьzqan çaŋa qoqamdьq mûxtaçdardь kɵrsetedj; ol osь mûxtaçdardь qamtamasьz etu çɵnjnde bastamacь boladь. Ol — er. Onьŋ er bolub jstjŋ tabiqi barьsьn toqtata alatьn, ne ɵzgerte alatьn siaqtь bolьp kɵrjnu maqanasьnda emes, onьŋ jsjnjŋ bûl qaçettj çəne sanalь emes barьstьŋ, sanalь çəne erkjn kɵkseucjsj bolub maqanasьnda. Onьŋ barlьq maŋьzь — mjne osьnda, onьŋ, barlьq kycj — mjne osьnda. Al bûl — ɵte zor maŋьz, keremet kyc.

Bismark, bjz tarixtь çasai almaimьz, onьŋ çasalubn kytuge tijstjmjz, deidj. Al tarixtь kjm çasaidь? Onь, bjrden bjr «faktorь» bolqan, qoqamdьq adam çasaidь. Qoqamdьq adam ɵzjnjŋ, iaqni qoqamdьq, qatnastarьn ɵzj çasaidь. Al eger ol sol kezde, basqaca emes, naq sondai qatnastar çasasa, bûl, ərine, sebepsjz bolmaidь; bûl onьŋ ɵndjrucj kycterjnjŋ dəreçesjne bailanьstь. Sol kycterdjŋ dəreçesjne sol kynnjŋ ɵzjnde səikes kelmeitjn, nemese əlj səikes keljp bolmaqan qatnastardь ecqandaida ûlь adam qoqamqa ornata almaidь. Mjne osь maqanada ol, cьndьqьnda, tarixtь çasai almaidь, mjne bûl rette onьŋ saqatьnьŋ tjljn qolьmen qozqap qoiûb bosqa əure bolucьlьq: ol uaqьttь tez ɵtkjze almaidь çəne onь keijn de ketjre almaidь. Bûl arada Lamprextьŋ aitub ɵte dûrьs: ɵzjnjŋ qûdjrettjljgj asьp tûrqan kezde de, Bismark Germanianь naturaldьq caruacьlьqqa qaita tysjre almas edj.

Qoqamdьq qatnastardьŋ ɵzderjnjŋ logikasь bar: adamdar sol ɵzara qatnastarda tûrqan kezde, olar, basqaca emes, sɵzsjz naq solai sezedj, solai oilaidь, solai jsteidj. Qoqamdьq qairatkerdjŋ bûl logikaqa qarsь kyresuj de bosqa əure bolucьlьq bolar edj: jstjŋ tabiqi barьsь (iaqni qoqamdьq qatnastardьŋ sol logikasь) onьŋ çûmsaqan kycjnjŋ bərjnde tykke asьrmas edj. Eger men ɵndjrjstjŋ qoqamdьq-ekonomikalьq protsesjnde bolqan sol ɵzgerjstjŋ arqasьnda qoqamdьq qatnastardьŋ qalai qarap ɵzgeretjnjn bjlsem men əleumettjk psixikanьŋ qai baqьtta ɵzgeretjnjn de bjlem; demek men-

de ol psixikaqa ьqpal çasauqa mymkjncjljk boladь. Əlcumettjk psixikaqa ьqpal çasau — tarixi oqiqalarqa ьqpal çasau degen søz.

Demek, men degenmen belgjlj maqanada t a r i x t ь ç a s a i a l a m ь n, al maqan onьŋ «jstelujn» kytudjŋ ecвjr ornь çoq.

Mono: tarixtaqь naqьz maŋьzdь oqiqalar, maŋьzdь adamdar mekemeler men ekonomikalьq çaqdailardьŋ tek belgjlerj, simvoldarь esевjnde qana maŋьzdь, dep oilaidь. Būl aiqьn aitьlmaqan pjkjr bolsada, orьndь pjkjr; bjraq dəl osь pjkjr orьndь bolu seвeptj, ūlь adamdardьŋ jsjn, atalqan çaqdailar men mekemelerdjŋ «ç a i q o z q a l ь s ь n a» qarama qarsь qoiu dəleldj emes. «Ekonomikalьq çaqdailardьŋ» azdь-køptj çai øzgeruj, qoqamnьŋ aldьna, øzjnjŋ mekemelerjn azdь-køptj tez qaita qūrьp otьrudьŋ qaçettjgj turalь oqtьn-oqtьn məsele qoiadь. Mūndai qaita qūru, ecuaqьtta da øzjnen øzj jsteljp otьrmaidь; ol ərqacanda da a d a m d a r d ь ŋ qatьsuьn kerek qьladь; søitjp ol adamdardьŋ aldьna ūlь qoqamdьq mjndetter qoiьladь. Ūlь adamdar dep, sol mjndetterdj cecuge basqalardan gørj køвjrek mymkjncjljk tuqьzqan adamdardь aitadь Al m j n d e t t j c e c u — cecjlgen mjndettjŋ tek «simvolь,» «belgjsj» qana bolu degen søz emes.

Mononьŋ øzjne qarsь keletjn søzdj tuqьzьp aluьnьŋ bastь seвeвj: « ç a i » degen søzdjŋ qьzьqьna berjljp ketuj qoi dep oilaimьz. Būl søzdj kəzjrgj kezdegj tolьp çatqan evolutsionister øte təujr køredj. Mūndai qūmartudьŋ p s i x o l o g i a l ь q çaqь tysjnjktj: baiaulьq pen baiьptьlьqtьŋ søzdj pəmmen søileuge berjlgen çerjnde ol qūmartu s ø z s j z bolьp otьradь... Bjraq, Gegeldjŋ kørsetkenjndei, l o g i k a çaqьnan ol søz qьluqada tūrmaidь.

Al, js jsteudjŋ keŋ mymkjncjljgj tek çalqьz «bastaucьlarqa» qana «ūlь» adamdarqa qana acьq emes Ol køruge køzj bar, estuge qūlaqь bar, øzjne çaqьndardь syiuge çyregj bar adamdardьŋ bərjne de acьq. Ū l ь degen ūqьm-otnositeldjk ūqьm. Moraldьq maqanda, evangel søzjmen aitsaq, «dosь ycjn çanьn pida qьlatьn» adamdardьŋ bərj de ūlь adam.

Редактор *Арыкова Н.* Переводчик *Абд?ров.*
Технический редактор *В. Тигин.*
Корректор *Джантуганов А.*

---

Сдано в производство 22/VI 1939 г. Подписано к печати 26 IX 1939 г. Казгосполитиздат № 379. Уполн. Казглавлита № 1949. Объем 2.75 п. л. 2,4 уч.-авт. л. Колич. знаков в печ. л. 39600. Формат бумаги 47x108$^{1}/_{16}$. Тираж. 10000 экз.

---

Отпеч. в Кн-журн. тип. Казполиграфтреста Алма-Ата, Узбекская, 11. Зак 1247